zangazet@mail.ru
№50 (3274) 10 шілде 2020

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

2 бет

ДӘРІ-ДӘРМЕККЕ ҚАТЫСТЫ ДҮРБЕЛЕҢГЕ ЖОЛ ЖОҚ

3 бет

ӨМІР ДЕГЕНІҢ – БІР КҮНДІК СӘУЛЕ ЕКЕН ҒОЙ!

8 бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# 13 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирустың таралуына қатысты өзінің кезекті Үндеуін жолдап, әр азаматтың қазасы үшін қатты қайғыратынын жеткізді. «Әр қазақ – менің жалғызым» дегендей, әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады» – деді Президент өз сөзінде. Шарықтап бара жатқан статистика әлемде коронавируска 12 миллионнан астам адамның шалдығып, 500 мыңнан астамы қайтыс болғанын көрсетіп отыр. Қайталана өршіп отырған індетке байланысты Қазақстан аумағында екі апталық карантин жарияланды. «Бұл аса қажетті шешім болды.**

*(Соңы 3-бетте)*

МІНБЕР

# ЖАҢА ЗАҢ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 10 МАУСЫМЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ СОТТАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАТТАРЫН ЕНДІРУ, АРТЫҚ СОТ РӘСІМДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫН ҚЫСҚАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНА ҚОЛ ҚОЙЫП, ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ 22 МАУСЫМНАН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

Осы заң заңды күшіне енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты арнайы жоспар құрып, оның жаңашылдықтарын халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Осындай жоспар Маңғыстау облыстық соты мен барлық аудандық және оған теңестірілген соттарда жасақталып, заңнаманың халыққа жағымды жақтары, сонымен қоса судьялардың жұмысына оң серпін берер тұстары таныстырылды. Соған орай бірқатар түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

### Құқықтық қолдаудың пайдасы орасан

Заң соттағы артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелерін қамтығанымен, судьялардың істі қараудағы белсенділігін арттыруға және тараптардың татуласуына ықпал етуге бағытталып отыр. Заңмен Азаматтық-процестік кодекстің 4-бабына енгізілген өзгерістер бойынша, істің толық және уақытылы қаралуын қамтамасыз ету азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті болып табылатыны бекітілді. Бұл өз кезегінде судьяны азаматтық істі қарау барысында белсенді болуға жетелейді.

Осы себепті кодекстің 15-бабының үшінші және төртінші бөліктеріне елеулі өзгерістер енгізілді. Бұрынғы кодекс бойынша сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасымен дәлелдемелер жинаудан толық босатылған, алайда тараптың уәжді өтінішхаты бойынша оған кодексте көзделген тәртіппен қажетті материалдарды алуға жәрдем көрсетуге тиіс болатын. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылық етеді, тараптардың істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдарлары туралы ескертеді, олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылайды, олармен істің мән-жайларын талқылайды және кодексте көзделген жағдайларда оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ, азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

*(Соңы 4-бетте)*

# ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ

**Азиз КАЖДЕНБЕК,** ***ерікті:***

*– Мен тек Алматы қаласының деңгейінде ғана айта алам. Бізде волонтер болғым келеді деген жастардың жолына көбіне әке-шешесі, туыс-туған, дос-жараны кедергі қойып жатады. «Шықпа, қандай адамдармен жұмыс істейтініңді білмейсің» деп сақтандырады. Әрине, волонтер болған соң вирусты бірінші кезекте жұқтырып алу мүмкіндігі жоғары. Бірақ, мұқтаж адамдарға көмектескендегі сезім басқаша деп ойлаймын. Сондықтан, ең бірінші волонтерлік қозғалысты пандемия кезінде ұйымдастыру әр адамның жеке жауапкершілігіне байланысты. Өзім шықпасам болды демей, заң жағымен жұмыс істеу қажет. Волонтер деген таңнан кешке дейін жүріп тамақ тарату ғана емес, қасыңдағы адамдардың еріктілер қозғалысына қатысты ой-пікірін өзгерту, еріктілер қатарын көбейту. Екінші, волонтерлар саны соңғы жылдары жылдам өсіп келе жатыр. Бірақ, бетперде, антисептик сияқты қорғаныш заттары әлі де көп жерлерде жеткіліксіз.*

**Еріктілер жылы деп жарияланған кезде оны әркім өзінше жорып, сан-саққа жүгірткен. Алайда, бұл қозғалыс қажет екенін және ол қоғамда лайықты бағалануы керектігін әлі де толық түсінбейтін сияқтымыз. Оны волонтерлардың өзі де ашық айтып отыр.**

**Бағдат АНАРБАЕВА,** ***Волонтерлар лигасы Алматы бөлімшесінің төрайымы:***

*– Волонтерлік жұмыс ұтымды болу үшін, ең алдымен, онымен қоғамды дұрыстап таныстыру керек деп ойлаймын. Волонтер деген кім? Қандай мақсатта жұмыс істейді? Қандай бағыттары бар? Оның бәрін түсіндіру керек. Өйткені, қоғамда көптеген адамдар әлі де волонтерлік жұмысты толық білмейді.*

*Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды Волонтерлар жылы деп жариялаған кезде, ол негізгі 7 бағытқа бөлінген болатын. Қазір осы бағыттар бойынша жұмыс жүріп жатыр.*

*(Соңы 3-бетте)*

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,**
***запастағы полиция генерал-майоры:***

# «ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

***– Мирлан Ахмедияұлы, полиция қызметінде қандай да бір өзгеріс бар ма?***

– Қоғамда руханият пен имандылықтың өлшемі болып саналатын, адамдарды – оқыту, жазалау және емдеуден жауапты ештеңе жоқ. Нағыз полиция қызметкері аса жауапты құқықтық тәртіпті қорғау-күзету қызметінде өз бойындағы осы үш әрекеттің бәрін біріктіреді десек, артық айтқанымыз емес.

Азаматты құқықбұзушылық жасауға итермелеген себептер мен жағдайларын анықтай отырып, ол қоғамды құқықбұзушылық инфекциясынан арылтып «ДӘРІГЕР» ретінде әрекет етеді.

*(Соңы 5-бетте)*

ИГІ ІС

**ТАЛДЫҚОРҒАНДА «NUR OTAN» ХДП АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ, «BIRGEMIZ ZHETYSU» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ЖАНБОЛАТ ЖӨРГЕНБАЕВ АЛАКӨЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНА ЕКІ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ АВТОКӨЛІГІНІҢ КІЛТІН ЖӘНЕ ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА ӨТКЕН БІР ТОП ЖАС МАМАНҒА ПАРТИЯ БИЛЕТІН ТАБЫСТАДЫ.**

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ **ҚОҒАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ**

Жалпы Алматы облысында «нұротандықтардың» ауруханаларға көрсетіп жатқан көмегі аз емес. Осы уақытқа дейін «Nur Otan» партиясының мүшесі, кәсіпкер В.Сычев Талдықорған қаласындағы облыстық жедел жәрдем стансасына реанимобиль, Қапшағай қаласында «Nur Otan» партиясының мүшесі, кәсіпкер М.Сергебаев қалалық ауруханаға ретро автокөлік мұражайынан «Волга» автокөлігін сыйға тартқан болатын.

Ал, «Birgemiz Zhetysu» қорынан карантин аумағында болған Қарасай ауданындағы «Асыл арман» тұрғын үй кешені тұрғындарына 3,7 млн теңгеге 380 азық-түлік себеті және Еңбекшіқазақ ауданының тұрғындарына 5,4 млн теңгеге 600 азық-түлік себеті, облысымыздағы қызмет барысында қаза тапқан құқық қорғау органы қызметкерлерінің отбасылары мен құқық қорғау органының ардагерлеріне 1 млн теңгеге азық-түлік берілді. Сонымен қатар, 8 млн теңгеге Covid-19 коронавирус індетін анықтауға арналған 1900 жедел-тест және Еңбекшіқазақ ауданының көпсалалы ауруханасына 53,2 млн теңге көлеміндегі қаржыға жұқпалы ауруларды анықтауға көмектесетін жылжымалы зертхана салынып, табысталды.

Карантин аумағындағы Кеген ауданына 10 млн теңге, Талдықорған қаласына 5,8 млн теңге аударылды. Сондай-ақ, Алакөл аудандық ауруханасына жедел жәрдем автокөлігі тарту етілді. Себебі, мамандардың болжамына сәйкес, биылғы жылы Алакөл жағалауына 2 миллионға жуық турист келеді деп жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде туристерге жайлы жағдай жасап, алаңсыз демалуы, сырқаттанса жедел көмек көрсету үшін керек. Қайырымдылық қоғамды өзгертеді. Барымен бөлісіп, жомарттығын көрсетіп жатқан жандардың ісі көпке үлгі.

**Ғазиз АМАНЖОЛҰЛЫ,**
**«Nur Otan» ХДП Алматы облыстық филиалының баспасөз хатшысы**

КОНСТИТУЦИЯҒА – 25 ЖЫЛ

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

**ЖАҚЫНДА АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ. ШАРАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ, ОБЛЫС АКТИВІ ЖӘНЕ ЗАҢГЕР-ҒАЛЫМДАР ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАНЫҢ МОДЕРАТОРЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Е. МАРЖЫҚПАЕВ БОЛДЫ.**

Конституциялық Кеңес төрағасы Қ.Мәми өзінің құттықтау сөзінде «Конституция – еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры, біздің барша табыстарымыздың бастауы. Қоғам мен мемлекеттің болмыс-бітімін, ішкі-сыртқы саясатын айқындайтын, мүдделері мен құндылықтарын қорғайтын негізгі заңы. Ата Заңды білу мен бағыну, оны басты құқықтық құжат ретінде құрметтеу – әрбір демократиялық мемлекет үшін әрқашан өзекті міндет болып қала бермек. Конституциялық Кеңестің қызметі осы қасиетті құжаттың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған», деп атап өтті.

Шара барысында Конституциялық Кеңес мүшесі Ә.Темірбеков «Қазақстандағы конституциялық бақылаудың тиімділігін жетілдіру» тақырыбында баяндама жасады. Бағдарламаға сәйкес өңірдің құқық қорғау органдарының басшылары мен заңгер-ғалымдары сөз сөйледі.

Қатысушылар Конституцияның маңызы, мәні туралы ойларын ортаға салды.

**Айгүл АХМЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

БАСТАМА

**ОНЛАЙН ӨТІП ЖАТҚАН ASTANA FINANCE DAYS 2020 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ «АХҚО ҚҰҚЫҒЫ: ТЕОРИЯДАН ПРАКТИКАҒА» АТТЫ АХҚО ЗАҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА «КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ», «ДАУЛАРДЫ ОНЛАЙН ШЕШУ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ», «ЗАҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БЕДЕЛДІ САРАПШЫЛАР МЕН МАМАНДАР ӨЗ ОЙЛАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ.**

# АҚИҚАТ АЛАҢЫНДА – **РОБОТ-СУДЬЯЛАР**

«Заң технологияларында үлкен өзгерістер болып жатыр. Силикон аңғарында да бұл салада күн санап жаңа стартаптар пайда болуда. Израиль мен өзге елдер де бұл саланы назардан тыс қалдырып жатқан жоқ. Алдағы уақытта осы стартаптардың заң саласына үлкен өзгерістер енгізгенін көп өтпей өзіміз де көретін боламыз», – дейді Виктор Орловский.

Спикердің айтуынша, алдағы уақытта робот-судьялар пайда болуы әбден мүмкін. «Робот-судья болуы мүмкін бе? Иә, өйткені машиналық үйрену мен жасанды интеллект белгілі бір мәселеге ғана арналған «тар» мамандықтарды жақсы шешеді. Өз басым адам судьядан гөрі робот судьяға жүгінер едім», – дейді FortRoss Ventures венчурлық қорының бас серіктесі.

Спикер сонымен қатар Силикон аңғарының дамып кетуінің негізгі үш себебін атады. Олар ұмтылыс, қате шешімдер және өте жоғары деңгейдегі коммуникация.

«Білім беру саласындағы цифрлық революцияға куә боламыз. Бұл Google, Amazon немесе Facebook секілді жаңа ірі компаниялардың пайда болуына ықпал етеді. Ал, осы салада жетістікке жету үшін толықтай цифрлану керек. Сайт ашып, қосымша жасаумен шектелмей, корпоративті мәдениетті, жұмыс істеу мен ойлау жүйесін өзгерту керек», – дейді спикер.

Өз сөзінде АХҚО құқық академиясы академиялық кеңесінің мүшесі/Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов АХҚО-ның тәжірибесін елдегі өзге де ұйымдарға, соның ішінде білім беру мекемелерінде кеңінен қолданудың артықтық етпейтінін айтты. Оның айтуынша, ағылшын тілін жаппай енгізу білім беру саласын дамытудың бірден-бір кілті.

**АХҚО Орта Азия елдеріндегі дауларды да шешуге көмектеседі**

АХҚО Соты мен ХТО бағдарламасының вебинарларында Online Astana Finance Days 2020 конференциясына қатысушы ірі корпорациялардың заңгерлері COVID-19 пандемиясы кезінде және одан кейінгі дауларды шешудегі маңызды мәселелерді талқылады.

Мәселен, «Дауларды онлайн түрде шешу: бүгіні мен болашағы» атты вебинарда Бейжің мен Гонконгтың жетекші төрелік институттарының өкілдері дауларды шешу саласындағы соңғы инновациялар мен трендтер талқыланса, одан кейін АХҚО Сотының төрағасы Лорд Манс және ХТО төрағасы Барбара Доманн QC ханым (Корольдік кеңесші) вебинар қатысушыларының сұрақтарына жауап берді, сондай-ақ, АХҚО Соты мен ХТО-ның әлеуетті пайдаланушылары үшін жаңа қызметтер туралы айтты.

АХҚО Соты және ХТО аппаратының тіркеушісі және жетекшісі Кристофер Кэмпбелл-Холттың пікірінше, АХҚО Соты мен ХТО Орталық Азиядағы коммерциялық дауларды шешуде таптырмас алаң.

«Біз COVID-19 коронавирус пандемиясымен байланысты тез өзгеретін жағдайды мұқият бақыладық және үздіксіз онлайн-режимде жұмыс істеуді жалғастырдық. АХҚО Соты мен ХТО вебинарлары ерекшеліктерінің бірі, Online Astana Finance Days 2020 шеңберінде, қатысушылар Нұр-Сұлтаннан әлемнің кез келген жеріндегі вебинарларға тегін қатыса алады. Вебинарларда жетекші сарапшылар дауларды шешу саласындағы ең заманауи инновацияларды талқылайтын болады. Біз барлық мүдделі тұлғаларды осы вебинарларға қосылуға және АХҚО Соты мен ХТО туралы көбірек білуге шақырамыз, өйткені біз Орталық Азия елдеріндегі дауларды шешу бойынша әлемдік деңгейдегі қызметтерді ұсынамыз», – деді АХҚО Сот және ХТО аппаратының тіркеушісі және жетекшісі.

**Дағдарыстан шығудың баламалы жолы**

BARBRI International Басқарушы директоры Сара Хатчинсон қазіргі цифрландыру мен технологияның ілгерілеуі заң саласын бұрынғыдан бетер өзгерте түсетінін айтады. «Заңгерлер бұрынғы дәстүрлі жұмыс істеу модельдерінен арылады. Қазір компаниялар мен мамандар жаңа өзгерістерге тез бейімделе алатындай болуы керек», – дейді сарапшы. Оның айтуынша, бұл тұрғыда оқу орындары, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар заң саласының заманауи үрдістерге ере алуы үшін бірлесе жұмыс атқаруы керек. Осы орайда, заңнамалық білім беретін оқу орындары әсіресе, болашақ мамандарды жаңа үрдістерге үйретуі керек.

Спикердің пікірінше, АХҚО-ның ағылшын заңнамасы мен халықаралық стандарттар негізінде жұмыс істеуі жергілікті халық пен бизнестің өзге де баламалы юрисдикцияларды пайдалануға болатынын көрсетеді. Білім беру ұйымдары да жергілікті заңнаманы үйретумен шектелмей, халықаралық бизнес қатынас пен дүниежүзілік қаржы орталықтарының да тәжірибесін күн тәртібіне шығаруы тиіс.

Спикерлердің пікірінше, дағдарыс кезінде АХҚО секілді халықаралық қаржы орталықтарының юрисдикциясы мен тәжірибесі көптеген компаниялар үшін қиындықтан шығудың балама жолын ұсынады. Осы орайда, тек шетелдік бизнес өкілдері ғана емес, жергілікті кәсіпкерлер де қаржы орталығының көмегіне жүгіне алады.

Сонымен қатар, жергілікті бизнестің АХҚО юрисдикциясына белсенді араласуы отандық бизнес модель мен іс жүргізу тәжірибесіне де оң өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Қысқаша айтқанда, АХҚО алаңы шетелдік тәжірибе мен отандық білімнің өзара ұштасатын алаңына айналуы тиіс.

**Бауыржан МҰҚАНОВ**

ИГІ ІС

# ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ТИІМДІ

*Қызылордада полицияның ерікті көмекшілері қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысып, мал ұрлығы қылмыстарының ашылуына өз үлесін қосып жатыр.*

*Қызылорда облысында Жаңақорған ауданы мал ұстауға қолайлы болғандықтан, облыс бойынша барлық мал басының 30 пайызы осы өңірде. Мал басының көптігі, оның қараусыз жүруі және мал иелерінің жауапсыздығы ұрылардың оң жамбасына келіп тұр.*

*2018 жылы жалпы 44 мал ұрлығы орын алған. Оның 18-і жайылымнан қолды болып, 26-сы қорадан ұрланған. Ал, 2019 жылы мал ұрлығына байланысты 61 дерек тіркеліп, оның 14-і қорадан, 47-сі жайылымда бақылаусыз жүрген жерінен қолды болғаны анықталған еді. Ұрлық өршіп тұрғанымен, аудандағы 26 ауылдық округтің тек 11-інде пада ұйымдастырылған. Осының өзі халықтың мал ұрлығына бейжай қарайтынын аңғартса керек.*

*Жыл басында Жаңақорған аудандық полиция бөлімі басшылығы мен аудандық прокуратура бірлесіп, барлық ауылдың тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесудің негізгі тақырыбы – ауылдарда орын алып жатқан қылмыстарға тосқауыл қою, мал ұрлығының алдын алу шараларын бірлесіп атқару. Құқық қорғау органдарының басшылары мен тұрғындар пікір алыса келе ортақ мәмілеге келді. Соған орай полицияға қоғамдық көмекші болғысы келетін еріктілерге ұсыныс жасалған болатын. Нәтижесінде «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы заңының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 27 қарашадағы №641 бұйрығының талабына сай, ауыл тұрғындары арасынан қоғамдық көмекші ретінде тіркеуге алу туралы бірнеше өтініш келіп түсті. Осы өтініштер аудан әкімдігіне жолданып, бүгінде 17 азамат полицияның қоғамдық көмекшісі ретінде тіркеуге алынып, оларға айрықша үлгідегі куәлік, арнайы киім берілді.*

*«Қазіргі таңда полицияның қоғамдық көмекшілері – елдімекенде қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысып, қылмыстың алдын алуға өз үлестерін қосуда. Күнделікті рейд кезінде олар тек ауыл көшелерін ғана емес, ауыл маңындағы жайылымдарды аралап, тұрғындардың төрт түлік малына да көз қырын салып жүр. Осылайша бірлесіп атқарылып жатқан шаралар аудан көлемінде мал ұрлығы мен жалпы қылмыстың азаюына септігін тигізеді деп күтілуде», – дейді Жаңақорған ауданы полиция бөлімінің бастығы Ғани Тұрсекеев.*

**Қызылорда облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# 13 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Жағдайдың тұрақталатыны сөзсіз. Оның алғашқы белгілері де бар. Сондықтан, алдағы екі апта біздің болашақ қадамдарымыз үшін шешуші кезең болмақ.

Барлық азаматтарды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырамын. Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты.

Бұл – өте қауіпті, батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт. Коронавирустың таралуына байланысты денсаулық сақтау жүйесіне көп ауыртпалық түсуде.

Ашығын айту керек, денсаулық сақтау жүйесі індетке тойтарыс беруге дайын болған жоқ. Осы мәселе бойынша біз тергеу жүргіземіз және бұл жағдайдан сабақ аламыз. Әкімдердің жіберген қателіктеріне тиісті баға береміз. Дегенмен, мемлекет тарапынан барлық қажетті шаралар қабылдануда.

Қабылданған шаралар мен медицина қызметкерлерінің ерлігінің арқасында емделіп шығып жатқан азаматтардың саны едәуір көбейді. Көптеген елдердегі жағдай бізден де қиын.

Дегенмен, «Әр қазақ – менің жалғызым» дегендей, әр азаматымыздың қазасы менің жүрегіме қатты батады. Мынау алапат індет арамыздан талай асылдарымызды жұлып әкетуде.

Бүгінде қара жамылып отырған азаматтардың қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. Сол үшін 13 шілдені – Ұлттық аза тұту күні деп жариялаймын» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сондай-ақ, бұл ұлы күрестің одан әрі де жалғасатынын, адамзаттың оны жақын арада жеңе қоймаса да, кез келген азаматтың уайым мен қайғыға батып, түрлі қауесеттерге сеніп еңсесін түсіруге болмайтынын айтты. Мемлекет басшысы отандастарын салмақты, сабырлы болуға шақырды. «Біздің жұмысымыз – айқын, қоғам алдында ешнәрсені жасырмай, ашық айтамыз. Болашақта да солай боламыз. Бүкіл күш-жігерімізді жинап, індетпен күресе беруіміз керек. Осындай күрделі кезеңде ел арасында көптеген жалған әңгімелер тарауда. Теріс ақпарат таратып жүрген арам пиғылды адамдардың әрекеттері орын алуда. Өкінішке қарай, кейбір азаматтар жалған ақпаратқа сенетін болды» – деді президент өз Үндеуінде.

Тоқаев дәрігерлерге қатысты да біраз мәселені тетесінен қойды. «Дәрігерлеріміз бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтарға нақты, біржақты мәлімет беруі керек. Дертті емдеудің неше түрлі жолдарын көрсетіп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруге болмайды. Бұндай әрекеттерге тосқауыл қою керек. Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес, жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Құқық қорғау органдары ел ішіндегі осындай жөнсіздікке қатысты қатаң шаралар қолданатын болады. Сол сияқты, дәрі-дәрмектің бағасын бірнеше есе өсіріп, қалыптасқан жағдайды өз мақсатына пайдаланғысы келген алыпсатарларды да құқық қорғау органдары менің тапсырмама сәйкес жауапқа тарта бастады. Қазір мемлекеттік органдар елді мекендерді қажетті дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етуде. Осыған орай, тиісті қор жасақталған. Төсек орындары да, медициналық қызмет көрсету ісі де толығымен қамтамасыз етіледі» – деді.

Өз үндеуінің соңында Президент қазақстандықтарға сенетінін, қазақ халқының талай зобалаң мен сынақты бастан өткерген, тарихтың талай дауылына бой бермеген халық екенін, бұл нәубетті де бірлесе жүріп жеңетінін айтты.. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымдаса білсек, бұл сыннан да өтеміз. «Денсаулық – зор байлық» деген халқымыздың дана сөзінің қадірін білейік.

Әр азаматтың амандығы үшін күресейік! Баршаңызға мықты денсаулық, мызғымас береке-бірлік тілеймін!» – деп сөзін қорытындылады Қ.Тоқаев.

**Ж. ЖОМАРТҚЫЗЫ**

ТҰҒЫР




# ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРДІ

**ЕЛОРДА КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ҚАРСАҢЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҮШ БІРДЕЙ ЖАҢА НЫСАН БОЙ КӨТЕРДІ.**

Облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарлауынша, Елбасының еңбек жолын бастап, құрыштай шыңдалған Теміртау қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен салынған заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілген. Өңірдегі алып өндіріс ошағы – «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының қаржыландырылуымен салынған спорттық кешен 320 орынға есептелген. Екі қабатты ғимаратта әмбебап ойын залы, жаттығу залы және күрес залы орналасқан.

Сонымен қатар, дәл осы күні облыс орталығында екі емхана ашылды. Бұл медициналық нысандардың бірі, Майқұдықтағы 11А ықшамауданында, ал екіншісі, Оңтүстік-Шығыс аумағында бой көтерді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде салынған алғашқы екі қабатты нысанның жалпы көлемі 1628,7 шаршы метрді құрайды және бір ауысымда 50 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Емхана өзіне тіркелген 15 мың тұрғынға қызмет көрсететін болады.

Оңтүстік-Шығыс аумағында тұратын 20 мың адамға қызмет көрсетеді деп есептелген екінші медициналық мекеменің қуаты бір ауысымда 150 келушіге қызмет көрсетуге жетеді. Мұнда 11 жалпы тәжірибе дәрігері, екі педиатр, екі акушер-гинеколог, терапевтік бейіндегі 11 салалы маман және терапевтік емес бағыттағы екі маман қабылдау жүргізетін болады.

Айта кету керек, жаңа емханалардың барлығы заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Дәрігерлер мен емделушілерге ыңғайлы болу үшін нысандарда электронды кезек жүйесі жұмыс істейтін болады.

Жаңа емханалардың ашылуы бұған дейін жұмыс істеп келген медициналық мекемелердің жүктемесін азайтуға септігін тигізеді деп күтілуде.

**Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»**

КӨКЕЙКЕСТІ

# ДӘРІ-ДӘРМЕККЕ ҚАТЫСТЫ ДҮРБЕЛЕҢГЕ ЖОЛ ЖОҚ

**ЕЛ ІШІН ЖАЙЛАҒАН ІНДЕТ ӨРШИ БАСТАҒАН ТҰСТА ДӘРІХАНАЛАРДА КЕЙБІР ДӘРІЛЕР ЖОҒАЛЫП КЕТІП, ХАЛЫҚ ОДАН ӘРМЕН ДҮРЛІККЕН БОЛАТЫН. ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРЫНДАРЫ БҰЛ ЖАҒДАЙДЫ ТЕЗІРЕК ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУ ҮШІН КҮШ САЛУДА. МӘСЕЛЕН, КЕШЕ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВ ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 1,2 МЛН АСПИРИН, 930 МЫҢ ПАРАЦЕТАМОЛ, ИБУПРОФЕННІҢ 350 МЫҢЫ, ИНГАВИРИННІҢ 100 МЫҢ ҚАПТАМАСЫ, 80 МЫҢ АЗИТРОМИЦИН, 40 МЫҢ ТАМИФЛЮ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ДӘРІЛЕР ЖЕТКІЗІЛЕТІНІН ХАБАРЛАДЫ.**

Сондай-ақ, күн сайын қаладағы дәріханаларға қажетті дәрілер жеткізілетінін, бірақ, тез арада өтіп кетіп жатқанын айтуда. Яғни халық тарапынан сұраныс бар. Демек оны қанағаттандыру керек. Расында да, күн сайын қаладағы 105 дәріханаға дәрі-дәрмектер жеткізіліп жатыр. Жалпы, 1 шілдеден бастап сұранысқа ие препараттарға деген қажеттілікті тұрақтандыру үшін дәріханаларға 475 мың дана әлеуметтік маңызы бар препараттар, соның ішінде 260 мың парацетамол, 98 мың аспирин, 35 мың ингавирин, 22 мың азитромицин, 15 мың кардиомагнил және басқа да дәрі-дәрмектер жеткізілді. Бірақ, сұраныс жоғары болғандықтан және халық аяқасты ауырып қалудан қорыққандықтан, дәрі-дәрмекті қоспен салып алып, үйлеріне артық «қор» жинауға тырысуы жағдайды ушықтырып тұр. Қазір қала әкімі «Қаланың дәрі-дәрмек нарығында дүрбелеңге жол жоқ. Жағдай бақылауда. Құқық қорғау органдары жұмыс істеп жатыр. Алыпсатарлар жазаланады» деп халықты сабырға шақырып, дәрі-дәрмектердің алдағы уақытта да жеткілікті болатынына сендіріп отыр.

Сондай-ақ, кеше Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев фарминдустрия өкілдерімен дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету мәселелері талқыланған селекторлық кеңес өткізді. Қала әкімі тиісті қызметкерлерге дәрі-дәрмектер мен өнімдердің үздіксіз өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Қажет болған жағдайда салықтық және кедендік әкімшілендіруді, сондай-ақ, импорттық тауарға сәйкестік сертификаттарын алу рәсімін жеделдетуді де тапсырды.

Өндірістік компаниялардың, дәріханалық желілердің және салалық қауымдастық өкілдері дәрілік құралдардың қоры мен жоспарлы жеткізілімдер ойдағыдай жүріп жатқанын айтуда. Біз де өз тарапымыздан Алматы облысы бойынша дәрі өндіруші фармацевтикалық зауыттардың біріне хабарласып көрген едік.

Ұлтусын Кейкібаева, «Сұлтан» өндірістік фармацевтикалық компаниясының директоры:

– Біз дәрі жеткізуге емес, өндіруге жауаптымыз. Біздің зауыттан негізінен антисептикалық дәрілік заттар шығады. 2020 жылдың басынан бастап, елді жайлаған пандемиялық жағдайға орай еңбек өнімділігін арттырдық. Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, биыл алты айдың ішінде өнім өндіру қабілетіміз 73 пайызға артқан. Антисептикалық заттармен қамтамасыз етуде алдағы уақытта ешқандай мәселелер туындамайды деп ойлаймын. Өйткені мемлкет тарапынан сұраныс көлемі артуда.

**Қ.ДҮЙСЕМБАЕВ**

«QOLDA» ЖОБАСЫ

**AQJÚREK ЖОБАСЫ БАСТАЛҒАЛЫ ТӨРТ АЙ ІШІНДЕ 19 КЛИНИКА МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚҚА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ.**

# МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БАРЛЫҚ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

AqJúrek бастамасының мақсаты – COVID-19 пандемиясы кезінде медицина қызметкерлерін ыстық тамақпен, азық-түлікпен, жеке қорғаныс және гигиена құралдарымен қамтамасыз ету. Дағдарыс уақытында тамақты жеткізу және сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, жеке қорғаныс құралдарын өндіру бойынша цех жұмысын ұйымдастыру арқылы жұмыс орындарын сақтауға және ашуға ықпал ету.

«Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында Еуразия Орталық Азия Қоры және «Шеврон» компаниясымен серіктестікте 2306 түскі ас және 500 қорғаныс экраны жеткізілді. Ыстық тамақпен Изатима Жекенова атындағы қалалық клиникалық аурухана, Қазақстан санаторийі, ІІМ госпиталі, орталық қалалық клиникалық аурухана, №2 балалар қалалық клиникалық ауруханасы қызметкерлері қамтылды. Қорғаныс экрандары орталық қалалық клиникалық аурухана мен Шу қалалық клиникалық ауруханасына жеткізілді.

2020 жылы 23 наурыз бен 28 маусым аралығында «Тауасар» қоғамдық қоры Еуразия Орталық Азия қоры және «Шеврон» компаниясымен бірлесе ұйымдастырып жатқан «Qolda» шұғыл көмек жобасы аясында 2230000 теңге, Халықаралық фармацевтикалық компаниялар қауымдастығынан 2000000 теңге, Сорос-Қазақстан қорынан 10455000 теңге, Kusto қорынан – 3582300 теңге, 458 жеке тұлғадан 7543333 теңге көлемінде қаражат жиналды.

Қаржы коронавирус індетімен күресіп жатқан медицина қызметкерлеріне ыстық тамаққа (түскі және кешкі ас), азық-түлік, жеке қорғаныс және гигиена құралдарын алуға жұмсалды.

AqJúrek қайырымдылық бастамасы инфекциялық және провизорлық клиникалардағы медицина қызметкерлеріне көмек көрсетумен шектелмеді. Жоба барысында карантин кезінде жұмыс орындарын сақтап қалуға және жаңа мүмкіндіктер беруге ықпал етті. Мәселен, AqJúrek бастамасы аясында клиникаларға берілген жеке қорғаныс құралдарын алматылық кәсіпкер, AqJurek тобының мүшесі Жандос Сейіт дайындады. Ол қолданыстағы стандарттарға сәйкес жеке қорғаныс құралдарын дайындаумен және тігумен айналысатын цех жұмысын іске қосты.

**Жадыра ЖОМАРТҚЫЗЫ**

# ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



**Азиз КАЖДЕНБЕК, *ерікті:***

*– Егер волонтер болам деп штабқа қосылып жатсам, ең бірінші өзімді қорғайтын қорғаныш заттарын бермесе, мен қалай басқаларға көмектесе алам? Сол себепті бірінші кезекте ең алдымен оларды қажетті қорғаныш заттарымен толық қамтамасыз ету керек деп ойлаймын. Сол кезде еріктілікке адамдар көптеп жинала бастайды. Үшінші, осы уақытқа дейін бізде волонтерміз деп келген ұйымдар аз емес. Егер олар ресми тіркелген болса, концерттерді ғана жағаламай, осындай жағдайда да ең алдыңғы шепте жүруі керек. Мемлекет жағынан, мүмкін, олардың бәрін ұйымдастырып, бұған міндеттеу керек шығар. Мемлекеттен бұған дейін қандай да бір көмек алдың ба, кеңсе алып, тегін отырдың ба? Онда солардың бәрі ортақ іске атсалыссын. Осы кезде жұмылған жұдырықтай болып атсалыспаса, басқа кезде волонтер болғанынан не пайда? Бұл жердегі мәселе, меніңше, алдымен қоғамда сияқты. Волонтерлікті көбейту үшін билік қоғамға, халыққа үндеу жолдау керек сияқты. Телеарналарда, радиоларда арнайы бейне-аудио роликтер көрсетіп, бұқаралық ақпарат құралдары үгіт-насихат жұмысына түгел қатысуы керек. Әйтпесе, қазір бәрі сөйлеген кезде шебер, ал аулада біреу құлап жатса, сыртқа шығып көмектеспейтіндер көп.*



**Бағдат АНАРБАЕВА, *Волонтерлар лигасы Алматы бөлімшесінің төрайымы:***

*– Өйткені волонтерлік жұмысты жүйелендірудің арқасында бұған дейін болмаған жаңа бағыттар ашылды. Одан бөлек көптеген мекемелер тарапынан оған басқаша көңіл бөліне бастады. Оқу мекемелері оқушыларға, студенттерге волонтерлік жұмысты әлі де жан-жақты таныстырып, кейде тағлымдама мен тәжірибеден волонтерлік арқылы өтуге болатынын көрсетуі керек шығар. Қазіргі таңда соңғы жағдайларға байланысты көмекке мұқтаж адамдар өте көп. Осыған орай волонтерлер санын қажеттілікке байланысты әлі де арттыру керек деп ойлаймын. Бұдан бөлек еріктілерді қоғамға таныстырумен қатар, волентерлік жұмыстың қауіпсіздік жағын әлі де ойластыру қажет. Белгілі бір деңгейде оларға жеңілдіктер жасалатын болса, артық болмас еді деп ойлаймын.*

**Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»**

МІНБЕР

# ЖАҢА ЗАҢ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

**Өкілдердің белсенді болғаны маңызды**

Тараптардың құқықтарын барынша қорғау қажеттігі барлық кезде, әсіресе, соңғы кезде өте өзекті болып отырғаны белгілі. Заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға заңдарда көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде мемлекет кепілдік беретін заң көмегін енгізді. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң қабылданып, онда бірқатар азаматтарға, атап айтқанда өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге және басқаларына заң көмегі кепілді түрде мемлекеттен көрсетілетін болды. Бұдан басқа, өкілдердің міндетті түрде заңгерлік білімінің болуы, олардың заң консультанттары палатасының мүшелері болуы міндеттелді.

Бірақ бұл шаралардың да жеткіліксіз екені анықталды. Өйткені кейбір жағдайларда көрсетілген талаптарға сай өкілдердің өздері тараптарға

***Қабылданған заң судьяны артық сот рәсімдерін жасаудан босатты. Атап айтқанда, кейбір жағдайларда судьяның сот мәжілісін өткізуге міндеттілігі жойылды, сот мәжілісін өткізу немесе оның қажетсіздігін судьяның өзі шешуі тиіс. Процессуалдық мерзімдерді қалпына келтіру, талапты қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыру немесе сот актілерінде орын алған қателерді түзету үшін сот мәжілісін өткізудің қажеті жоқ.***

заң көмегін тиісті деңгейде көрсетпейді немесе көрсете алмайды. Сондай жағдайларда судьялардың тараптардың құқықтарының тиісті деңгейде қорғалуы үшін белсенді болуы қажеттігін тәжірибе көрсетіп отыр. Бірақ бұл жерде бір мәселені ескерген жөн. Қалай болғанда да, тараптарға заңгерлік көмекті олардың өкілдері көрсетуі тиіс. Сондықтан, өкілдердің тарапынан да белсенділік болуы тиіс. Ондай белсенділік болмаған кезде немесе өкілдің өз қызметіне салғырт қарауы орын алған жағдайда ғана судьяның белсенділігі көрінуге тиіс. Ең бастысы, судья тараптардың өкілдерінің міндеттерімен тікелей айналысып, олардың алдына түсіп кетпегені абзал. Сонымен қоса соттар белсенділік таныту барысында тараптардың судьяның бейтараптылығына күмән тұғызбайтындай деңгейде, жарыспалылық және тең құқықтылық принциптерін негізге ала отырып жүргізуі керек. Әрине, бұл жерде судьяның тәжірибесі, білімі, парасаттылығы, пайымы алдыңғы орында болуы тиіс.

Сонымен қоса, соттың белсенділігі істі қарауға дайындық жүргізу сатысында орын алуға тиіс. Істі қарауға дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілген жағдайда оны сотта қарау барысында жаңа мән-жайлар туындамайтыны белгілі.

**Артық рәсімнен арылудың артықшылығы көп**

Қабылданған заң бірқатар даулардың оңайлатылған тәртіпте тараптары жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер болып табылатын істер бойынша талаптың бағасы екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда, ал, заңды тұлғалар үшін талаптың бағасы жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда даулар осы тәртіпте қаралуға тиіс болатын. Қазіргі кезде тиісінше бір және екі мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде болып белгіленді.

Сонымен қоса, бұл тәртіпте қаралған істер бойынша судьяға кіріспе және қарар бөліктерден тұратын шешімді қабылдау жеткілікті. Ал, толыққанды шешімді қабылдау сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін тараппен осы жөнінде өтініш берілген жағдайда, судьяның өз бастамасы бойынша және шешімнің күшін жоюдан бас тартылған жағдайда ғана жүргізіледі.

Қабылданған заң судьяны артық сот рәсімдерін жасаудан босатты. Атап айтқанда, кейбір жағдайларда судьяның сот мәжілісін өткізуге міндеттілігі жойылды, сот мәжілісін өткізу немесе оның қажетсіздігін судьяның өзі шешуі тиіс. Процессуалдық мерзімдерді қалпына келтіру, талапты қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыру немесе сот актілерінде орын алған қателерді түзету үшін сот мәжілісін өткізудің қажеті жоқ.

Сонымен қоса судья кейбір әрекеттерді жасауы бойынша тиісті сот актісін қабылдаудан босатылды. Арызды қараусыз қалдыру, қайтару, іс жүргізуді тоқтату барысында осыған дейін қабылданған талапты қамтамасыз етуді жою, сот актісін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі арызды қабылдау және басқа жағдайларда тиісті сот ұйғарымын қабылдаудың қажеті жойылды. Осы артық рәсімдерден арылу судьяның күрделі істерді қарауына көп уақыт бөлуіне мүмкіндік береді. Соның арқасында күрделі істерді сотта қарау үшін судьяның толыққанды дайындық жүргізуіне мүмкіндік ашылды.

Азаматтық-процестік кодекстің талаптарына сәйкес, арыз соттың іс жүргізуіне қабылданғаннан және азаматтық іс қозғалғаннан кейін судья оны уақытылы және дұрыс шешуді қамтамасыз ету мақсатында істі сотта талқылауға дайындауды жүргізеді. Бұл талап барлық кезде болды және бола береді. Судья істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады және жасауға тиіс әрекеттерді көрсетеді.

Әрбір іс бойынша міндетті болатын азаматтық істі сот талқылауына дайындау міндеттері болып істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды нақтылау; тараптардың құқықтық қатынастарын және сот басшылыққа алуға тиіс заңды айқындау; іске қатысатын адамдардың құрамы туралы мәселені шешу және оларға сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарлау; әрбір тараптың өз талаптарын немесе қарсылықтарын негіздеуі үшін ұсынылуға тиіс дәлелдемелерді айқындау; тараптарды татуластыруға жәрдемдесу болып табылады. Сондықтан, судья бұрынғы кездегідей белсенді болмаған жағдайда да дайындау жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізуі керек болған. Ал, қазіргі кезде белсенділік таныту арқасында заңның осы талабын орындауға міндетті, яғни заң дайындық жүргізу барысында бұрыннан белгілі әрекеттерді жасауды міндеттейді, басқа әрекеттерді жасауға міндеттемейді.

Сонымен қоса аталған өзгерістер дауды татуласу арқылы шешуге көп көңіл бөліп отыр. Дауды партисипативтік негізде шешуге адвокаттардан басқа барлық заңгерлік палата мүшелеріне де мүмкіндік берді. Татуласуды жүргізу үшін бұрын судьяға бес күндік мерзім берілген болса, жаңа өзгеріс татуласуға он жұмыс күнін белгілеп отыр.

Қабылданған өзгерістер қазіргі кездегі ғылым мен техниканың мол мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға, іс жүргізуді электрондық форматқа көшіруді, осы себепті туындайтын барлық мәселелерді арнайы актілермен реттеу қажеттігін көздейді. Сайып келгенде, заң талабы, ең бастысы тараптар құқығын мейлінше толыққанды қорғауға бағытталып отыр.

**НҰРСАПА ПРИМАШЕВ,**
**Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы**

КӨЗҚАРАС

***Азаматтық-процестік кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін жаңа заң қазір көпшілік талқысында. Іс жүргізу заңнамасының новеллалары азаматтық дауларды объективті, толық және уақытылы қарауды қамтамасыз етуге бағытталған.***

# ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМ ЖҮРГІЗЕТІН ТҰЛҒАЛАР ТІЗБЕСІ КЕҢЕЙТІЛДІ

Заңның үш негізгі бағыты бар, бірінші және ең негізгісі істерді қарау кезінде судьяның рөлін арттыру болып табылады. Бұған дейін судья өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинай алмайтын, бұл дауларды шешу кезінде кейбір бюрократизмге әкеп соқтырды. Ал қабылданған жаңа заң нормаларына сәйкес, судьяның өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинауға мүмкіндігі бар. Мұндай әрекеттер судьяға тараптардың дәлелдерінің негізділігін объективті тексеруге, сондай-ақ тараптар ұсынған дәлелдемелердің дұрыстығын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, судья процесте тараптармен белсенді өзара іс-қимыл жасауға, олармен істің мән-жайын талқылауға, дәлелдері туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік берді. Сот процесінің тараптарды жаңа форматы азаматтық сот ісін жүргізу тәсілін түбегейлі өзгертеді. Және сот тараптардың құқықтарын іске асыру үшін барлық жағдайды жасап, істің мән-жайларына толық зерттеу жүргізіп, түпкілікті және шынайы шешім шығаруға бағытталған. Сонымен қатар, судьяның шешімнің қарар бөлігі жарияланғаннан кейін қабылданған шешімнің құқықтық негіздері мен қарауына келіспесе, оны басқа судьяға ауыстыру мәселесі реттеледі. Сондай-ақ, судьяның қатысуынсыз жүргізілетін партисипативтік рәсім жүргізуге құқығы бар адамдардың тізбесі кеңейтілді.

Заңнамалық түзетулердің екінші блогы сот өндірісін цифрландыруға бағытталған. Белгілі болғандай, республикамыздағы соттардың барлығы дерлік аудио, бейнежазу жүйесімен жабдықталған.

Сонымен қатар, өтініштерді тараптарды шақырмай қарау мүмкіндігі енгізілген. Мысалы, сот күәдан өзінің болатын жерінде не егер ол науқастануы, қарттығы, мүгедектігі, тұрған жерінің алыстығы немесе басқа да дәлелді себептердің салдарынан соттың шақыруы бойынша келе алмаса, техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып жауап алуы мүмкін.

Жаңалықтардың үшінші бағыты азаматтық процесті оңтайландыруға бағытталған, бұл артық сот рәсімдерін жоюға мүмкіндік береді. Аралық және ресми сот актілері алынып тасталды, ал сотқа келіп түскен арыздардың бір бөлігін сот отырысын өткізбей қарауға болады. Түзетулермен жеңілдетілген (жазбаша) өндірісте қаралуға жататын талаптар үшін баға шегі кеңейтілді.

Бұдан басқа, жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен сот кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешім шығарады.

Сондай-ақ, дәлелді шешімді дайындау мүмкін болмаған жағдайда, шешімнің қарар бөлігіне шағымдану тәртібі қарастырылған. Соттың "кеңесу бөлмесіне" кетуі басқа процестерге қатысу мүмкіндігіне бөгет жасауына байланысты бұл саты заңмен жойылды, дегенмен, кеңестің құпиясы сақталады. Осындай іргелі өзгерістер мен толықтыруларды қамтыған заң күшіне енді. Бұл бастама сот жұмысын жақсартып, сапасын көтеруге ықпал етеді деп сенеміз.

салдарларын түсіндіру міндеті заң жүзінде бекітілген.

Занда дауды бітістіру рәсімін қолдана отырып, сот талқылауы басталғанға дейін шешу тәртібі көзделген. Осы мақсатта талап арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау және азаматтық іс қозғау мерзімі ұлғайтылды. Талап арыз сотқа келіп түскен кезде судья он жұмыс күні ішінде тараптарды татуластыру үшін қажетті шаралар қабылдайды. Егер көрсетілген кезеңде тараптар дауды реттеу туралы келісімге қол жеткізсе, судья тараптар қол қойған келісімді бекіту туралы мәселені қарайды. Ал, тараптар келісімге келмеген жағдайда, сот талап арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Бұл ретте, егер тараптар алғашқы судьяның істі

**Б. ЖАМАНБАЕВ,**
**Павлодар қалалық сотының төрағасы**

Пікір

## ӘЛСІЗГЕ ӘЛІМЖЕТТІК ЖАСАУ АЗАЙМАДЫ

*Зорлық-зомбылық тек жәбірленушілер құқығын бұзып қоймай, өскелең ұрпақтың санасына да кері әсерін тигізеді. Статистика бойынша, отбасындағы зорлық-зомбылық әйел адамдарға қатысты жасалады. Еге адамдар мен балалардың да зорлық-зомбылық әрекеттерге тап болатын кезі аз емес.*

*Мұндай келеңсіздіктерге жол бермеу мақсатында Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң қабылданды. Бұл заң зорлық-зомбылық құрбандарын қорғауды және отбасылық жанжалшыларға қатысты қылмыстық-процестік мәжбүрлеуді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуді көздейді. Соның арқасында отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстардың азаюына аз да болса қол жеткізілді.*

*Алайда бұл мәселе әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық сол күйінде маңызды әлеуметтік мәселе болып қалып отыр. Көптеген құқық бұзушылар жазасыз қалуда, ал зорлық-зомбылық фактілері тіркелмейді. Сол себепті бүгін таңда отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алудың жаңа жолдарын іздестіру маңызды. Осындай әрекеттердің алдын алуда әлеуметтік-құқықтық шараларға басымдық беру керек.*

*Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен сәтті күрес жүргізудің негізгі шарты – қоғамның көзқарасын өзгерту. Ол үшін қоғамдық сана мен қалыптасқан стереотиптерді түбегейлі өзгертіп, отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарына сәйкес түсінік қалыптастыру қажет, қоғамға қарсы мінез-құлықты еркімен жібермеу керек. Сонымен қатар, зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік – ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу-Насыр әл-Фараби. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің басты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, құқығының бұзылмауына ықпал ету керек. Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу - бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар әрбір адамның міндеті. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, зорлық көрген баланың өскен соң қатігез болатынын ұмытпайық.*

**Бекзада ТІЛЕКҚАБЫЛОВА,**
**Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы**

**Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,**
***запастағы полиция генерал-майоры:***

# «ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

**ЖОО курсанттары абстрактілі теориялардың орнына келешек қызметінде қажет болатын тәжірибелік, шеберлік, құзыреттілік және дағды үрдісін қалыптастыра білгені абзал. Полиция қызметкерлері үстемдік жүргізбеуі қажет, олар заң шеңберінде азаматтарды қорғауы керек. Оқу орындарының басты мақсаты да осы – болашақ полиция қызметкерінің санасына заңға деген құрметті сіңіру. Бірақ, бұл міндет-талапты кабинетте отырып, тек теориямен беру мүмкін емес. Сол себепті де бізге профессорлық-оқытушы құрамның біліктілігін арттыратын орталықтар ауадай қажет. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз бар. Біз әуелі сол ұстаздың өзін дайындап, кәсібилігін шыңдағаннан кейін білім саласына кірістіргенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз.**

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Заңның өкілі бола отырып, адамдарды заңды құрметтеуге және сақтауға «үйретеді, оқытады». Полиция қызметкері қажетті жағдайларда, қоғамдық тәртіпті бұзған азаматтарды, кінәнің дәрежесі мен жазалау шаралары туралы заңнама негізінде шешім шығаратын сот/судья ретінде әрекет етеді. Сондықтан, қоғам мен мемлекет барлық уақытта да заңға қызмет етушілердің рухани-адамгершілік сипатына жоғары талап қоятынын естен шығармауымыз қажет.

«Мемлекеттегі арзан полиция қоғамға қымбат түседі» деген бұрыннан белгілі ережені дамыған елдер жақсы түсінеді. Полиция академияларында барлық қажетті материалдық-тұрмыстық орта жасалса, курсанттар оқуға алаңдамай зияткерлік және дене күшін тез қалпына келтіретініне күмән жоқ. Халықтың салығымен қаржыландырылып отырған полициядан азаматтар атқарушылық пен заңдылықтың сақталуын талап етуге құқылы. Осыған орай оқу-тәрбие ісінде «алдымен – адам, сосын – маман» деген ұстанымды алға тарту қажет.

***– Полиция қызметін дамытуда еліміздегі құқық қорғау саласы мамандарын дайындайтын ЖОО-ның әлеуеті қаншалықты тиімді пайдаланылып отыр?***

– Оқу – тәрбиелік процесті жоспарлауда, ең алдымен ІІО болашақ қызметкеріне қойылатын бүгінгі талап өте жоғары екенін естен шығармауымыз керек. Ол теориялық тұрғыдан сауатты оқыған, өз ісін білетін кәсіби маман ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік қызметін табысты атқаратын кәсіби маңызды жеке қасиеттерге ие болуы шарт. Бұған қоса жоғары кәсіби, құқықтық мәдениетке, адамгершілікке, патриотизмге және жауапкершілікке ие болуы қажет.

ІІМ ЖОО заңдылық, құқық нормаларын және адамгершілік принциптерді қатаң сақтайтын маман дайындауға ұмтылуы тиіс. Құқық қорғау жүйесінің бір бөлігі болып саналатын ІІО әрбір қызметкері азамат пен заңды қорғаудағы жеке жауапкершілігін, адамның құқықтары мен бостандығын сақтауды, жақсылық пен әділеттілікті орнықтыруды әрқашан сезінуі керек. Ол азғындық, зұлымдық және заңсыздықпен күресуге міндетті. Азаматтық жоғары оқу орындарының түлектері ҚР ІІО-дағы қызметінің ерекшеліктеріне әуелден дайын болмайды немесе бейінді-қолданбалы дайындықтан өтпейді. Өйткені, ЖОО-ларда алғашқы күннен бастап алда тұрған практикалық қызметке дайындығын, сондай-ақ, моральдық, психологиялық, еріктілік және отаншылдық қабілеттерін тексереді, бейімдейді және дамытады.

Полиция қызметкерлерін дайындайтын оқу орындарындағы жаңғыртудың бәрі көңілден шығып жатыр деп айта алмаймын. ІІО қызметкерлерінің ақшалай ризықты, жәрдемақыларды өзге де төлемақыларды көтеру үшін, қаржылық құралдарды үнемдеу үшін, қызметкерлердің санын және де ЖОО (Алматы, Қостанай) бакалавриатты қысқарту бойынша жұмыс жүргізілгені белгілі. Оқу орындарына азаматтық мамандықтар бойынша білім алған заңгерлер өз қалауымен келіп жатқан жоқ. Мұның бәрі кәсіби қызмет саласында сұраныстың болмауынан. Сондықтан, маман дайындайтын оқытушылар құрамына, олардың біліміне қатаң талап енгізген дұрыс.

Курсанттар білім беру ұйымдарының қабырғасында ұзақ мерзім бойы болашақ қызметтерінің ерекшеліктеріне бейімделеді, ол өз кезегінде оқу аяқталған соң қысқа мерзімде олардың лауазымды тез меңгеруіне септігін тигізері сөзсіз. Республикамызда кәсіпкерлік табыс көзі ретінде жаппай заң факультеттерін ашқан мемлекеттік және жекеменшік ЖОО аз емес. Олардың барлығы дерлік заң біліміне қажетті сапаны қамтамасыз етті деп айту қиын және көпшілігі еңбек нарығына қажетті біліктілігі жоқ, бірақ дипломы бар бітіруші-заңгерлерді көбейтті. Нәтижесінде ІІО жоғары заңгерлік білімі бар қызметкерлер көп болғанмен, сапалы маманды іріктеу оңай болмай тұр.

***– Сала мамандарын дайындауда ұзақ жыл еңбек еттіңіз. Білім ошақтарында орын алып жатқан өзгеріс аз емес. Жаңашылдықтарға көңіліңіз тола ма?***

– Азаматтық оқу орындарын бітірушілер ІІО қажеттілігін ескеретін мамандықтар мен мамандандырулар (бейіндік) бойынша білім алмайтынын ескеру керек. Олар арнайы және бейіндік-қолданбалы дайындықтан өтпегендіктен, алғашқы кәсіптік даярлау, кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыруды қажет етеді. Осылайша, ІІО негізгі қызметтеріндегі кадр әлеуетінің білім деңгейі жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер динамикасын талдау қажеттілігі туындайды. Ведомстволық кәсіби білім жүйесінің қысқартылуы орны толмас қиындықтарға әкеліп соқтыратыны күмәнсіз. Сондықтан, бакалаврлар дайындауды қысқартудың орнына, ведомстволық кәсіби білім беруді одан әрі жетілдіруге, сапалық тұрғыдан жаңғыртуға көңіл аударған дұрыс еді.

Ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамдағы лауазымдарына бірінші рет қабылданатын адамдарды кәсіби оқыту бағдарламасына үстірт қарауға болмайды. Мәселен, полицияның учаскелік инспекторлары үш айлық оқудан соң, жедел іздестіру қызметкерлері алты айлық оқу мерзімі аяқталған соң қызметтік міндеттерін орындауға кіріседі. Осы уақыт ішінде атыс қаруын қолдануға да дағдылануы керек. Мұндай аз уақытта кәсіби біліктілікті көтеру қиын. Бұрын ІІМ ЖОО-да білікті маман дайындауға төрт жыл кететін. Енді кіші және орта басшы құрамдағы қызметкерлерді дайындауға үштен алты айға дейін мерзім беріліп отыр. Уақытта айырмашылық барына қарамастан, түлектерге қойылар талап бірдей.

Интернет желісіндегі ақпаратқа сүйенсек, Ресей федерациясында ішкі істер қызметкерлерін дайындауға барынша жағдай жасалған. ІІО (полиция) адам мен азамат, қоғам мен мемлекет арасындағы әкімшілік-құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған пәндерге бай. Ал, ҚР ІІМ жасаған өзгерістерге орай Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында «Құқық қорғау қызметі» мамандығы шеңберінде «ІІО-дағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру» және «ІІО жедел-криминалистикалық қызметі» мамандарын дайындау белгіленіп отыр. Өкінішке орай, 1969 жылдан бастап келе жатқан «Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызмет» бойынша енді маман дайындалмайды. Мұны да сауатты тірлік дей алмаймын. Ресейдің ішкі істер саласында жүргізілген реформалар негізінде жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрам мен материалдық-техникалық база күшейтіліп, АҚШ және Еуропа елдерінің озық тәжірибесі басшылыққа алынды. Біздің елге енгізілген қысқартуларды қабылдамаған көрші ел маман дайындауды 5 жылға ұзартты. Басқа елдерде маман дайындау мерзімі ұзартылып жатқанда, Қарағанды академиясының білікті қызметкерлер дайындап келген кафедраны жабуына не түрткі болғаны түсініксіз. Ол кафедраның мамандарды, болашақ тергеушілерді дайындауға қосатын үлесінің зор екенін есепке алмау қателік. Соның кесірінен «Кәсіби-психологиялық даярлық және ІІО басқару» кафедрасына «ІІО әкімшілік қызметі» тек пән ретінде енгізіліп, кафедралық құрылымынан айырылып, өкінішке орай тарих қойнауында қалып қойды.

***– ҚР Ішкі істер министрінің 24 сәуірдегі «Полиция стандартын бекіту туралы» бұйрығына қатысты өз ойыңызды жариялап едіңіз. Ұсыныс-пікірлеріңіз қаншалықты ескерілді?***

– Электрондық Үкіметтің ашық сұхбат бөлімінде осы бұйрықпен тығыз байланысты мәселені қоғам талқылауына ашық шығара отырып, министр Е.Тұрғымбаевқа төмендегідей ұсыныс хат жолданған болатын. «Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылған. Бірақ, осы қағиданы ойдағыдай жүзеге асыруда олқылықтарға жол берілуде.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңының 3-бабына сәйкес, «Ішкі істер органдарының қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қағидаттарына және құқық қорғау қызметінің арнаулы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады». «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында «турашылдық» қағидасы белгіленбеген. ІІО қызметінде басшылыққа алынатын қағида ретінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі «Полицей стандартын бекіту туралы» №358 бұйрығымен ІІО саласы тарихында бірінші рет ресми түрде бекітілді. Бірақ, бұйрықтың қазақ тілді нұсқасында «турашылдық» қағидасы көрініс таппаған.

Полицей стандартының орыс тіліндегі нұсқасында «Полицейскому надлежит быть патриотом своей страны, всецело преданным службе, обеспечивающим защиту законных интересов граждан, общества и государства в целом, руководствующийся принципами законности, справедливости и беспристрастности» – деп көрсетілген. Ал қазақ тіліндегі нұсқасында «Полицей азаматтардың, қоғамның және жалпы мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін, заңдылық, әділеттілік қағидаттарын басшылыққа алатын қызметке шын берілген өз елінің патриоты болуы тиіс» делінген. Екі мәтінді салыстырсақ «турашылдық немесе бейтараптылық» сөзінің жетіспейтінін байқауға болады. Бұл кімнің қателігі және жауапсыздығы? Бұл – аудармашыдан бастап құжатты әзірлеуге жұмылдырылған барлық қызметкер мен олардың басшыларының, мемлекеттік тіркеуге алатын Әділет органының қатесі.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңының 24-бабының 3-тармағында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» деп бекітілген. Бұйрықтың теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етпеген ҚР ІІМ болса, мемлекеттік тіркеуге алатын Әділет министрлігі қайда қараған? Осының өзі біздегі маңызды құжаттардың бірнеше сүзгіден өткізіліп, ресми жария етілгенге дейінгі талаптардың дұрыс орындалмайтынын көрсетеді. Осы стандартты басшылыққа алатын ІІО қызметкерінің «турашылдық» қағидатын ұстанбай, яғни бұйрықта бекітілмегендіктен, «өзімшілдік» қағидатын басшылыққа алып, «тыйым салынбаған нәрсеге рұқсат етіледі» деп, ойына келгенін істемесіне кім кепіл?

Осы өзекті мәселеге байланысты ҚР ІІМ «Сіздің мемлекеттік тілдегі полицей стандарты мәтініне қатысты жүгінуіңізді қарап, Ішкі істер министрлігі белсенді азаматық ұстанымы үшін алғыс білдіреді. Ескертулеріңізді жұмыс тобы ескереді. Тиісті өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар Әділет министрлігіне жолданатын болады» деген жауап алдық.

***– Полицияның халық арасындағы абыройы мен беделін көтеру үшін не істеу керек?***

– Тәжірибеге бағытталған оқытуды күшейту бойынша барлық қолданылатын шараларға қарамастан, ІІМ оқу орындары мен тәжірибелік бөлімшелер арасында техникалық және жүйелік ақпаратпен қамтамасыз етуде зор алшақтық бар. Себебі жаңа арнаулы техникалық құралдар және ақпараттық жүйелер іс жүзінде оқу орнына келмейді, ал, бұл жоғары білікті кадрлар дайындау үрдісін күрделендіреді.

Бүгінгі курсанттар бірнеше жылдан, ал кейбірі бірнеше айдан соң оқу орнын бітіріп, Конституция және құқық тәртібін қорғайтын болады әрі олардың ЖОО қабырғасында алған білімдері қоғамдық қауіпсіздік деңгейіне тікелей әсер ететінін біз айқын ұғынамыз. Сол себепті оқу орны ең заманауи және қажетті құралдармен бірінші кезекте қамтамасыз етілуі тиіс.

Адамның жанын емдейтін маман-дәрігерді 9 жылға жуық дайындаймыз, ал қоғам мен мемлекеттегі құқықбұзушылық дертіне баға беретін мамандарды ҚР ІІМ Қостанай академиясы (әкімшілік-құқықтық мамандықтар) мен Алматы академиясы (жедел іздестіру мамандықтары) 3-6 ай дайындайды. Осы қаншалықты дұрыс? Осындай аз уақытта түлектерді ағаштан мүсін жасағандай қырнап шығаруымыз мүмкін бе? Мұның соңы неге әкеп соғар екен?

Полицейдің сауаттылығы мен мәдениеттілігі ішкі істер саласы қызметі тиімділігін арттырудың қуатты резерві ретінде қарастырылады. Жұмыс істеген кезімде АҚШ, Түркия, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Малайзия, Оңтүстік Корея мемлекеттерінің полиция академияларында іссапарда болдым. Дамыған елдерде оқу орындарының материалдық-техникалық базасы өте жоғары. Демек, бұл елдер өз азаматтарының бостандықтары мен құқықтарын, мемлекет мүддесін қорғайтын полиция қызметкерлерінің дайындығына немқұрайды қарамайды. Осындай келелі іс-шаралар бізде де шешімін тауып, сол арқылы оқу үдерісіндегі екпін, ішкі істер органдары қызметінің тәжірибелік қажеттілігіне қарай бағытталуы қажет. Болашақ ІІО қызметінде орын алатын кәдуілгі жағдайларға және нақты үлгілерге үйрету қажет. Бұл дегеніміз – ЖОО курсанттары абстрактілі теориялардың орнына, келешек қызметінде қажет болатын тәжірибелік, шеберлік, құзыреттілік және дағды үрдісін қалыптастыра білгені абзал. Полиция қызметкерлері үстемдік жүргізбеуі қажет, олар заң шеңберінде азаматтарды қорғауы керек. Оқу орындарының басты мақсаты да осы – болашақ полиция қызметкерінің санасына заңға деген құрметті сіңіру. Бірақ, бұл міндет-талапты кабинетте отырып, тек теориямен түсіндіру мүмкін емес. Сол себепті де бізге профессорлық-оқытушы құрамның біліктілігін арттыратын орталықтар ауадай қажет. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз бар. Біз әуелі сол ұстаздың өзін дайындап, кәсібилігін шыңдағаннан кейін білім саласына кірістіргенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Бүгінгі ІІМ жоғары оқу орындарындағы бакалавриат бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырыстың санын азайтып, осы арқылы саланы оңтайландыру – алдағы уақытта шалалыққа ұрындыратын, кешірілмейтін қателік. Өз ісінің кәсіби шебері жедел қызметтік міндеттерді біліктілікпен жоғары деңгейде шеше алатын заманауи полиция қызметкерінің тұрпатын қалыптастыруда ерекше орынды ҚР ІІМ ведомстволық оқу орындары алатыны сөзсіз.

Ішкі істер органында қызмет ету оңай емес. Полиция қызметкерлері, әдетте, қоғамның ең өзекті мәселелерімен, өмірдің ең ұсқынсыз және жиіркенішті жақтарымен бірінші бетпе-бет келеді. Ішкі істер органдарына қызметке келген рухы әлсіз адамның оп-оңай адал жолдан таятыны сондықтан. Патриоттық сезімді, әділеттілікті, абыройлы болуды ұстанымына айналдырған полиция қызметкерінің адаспасы анық. Халықтың мүддесін қорғайтын полиция дәл осы үш ұстанымды темірқазық етеді. Ал, басқаша ойлайтын қызметкердің погон тағып жүруге еш құқығы жоқ. Бұл, ізгі тілек емес, біздің қызметтегі объективті қажеттілік.

***– Әңгімеңізге рақмет.***

**Сұхбаттасқан**
**Ерлік КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

САРАП

# ЗАҢДЫ БҰЗА ОТЫРЫП АЛЫНҒАН ДӘЛЕЛДЕМЕНІҢ КҮШІ ЖОҚ

***Азаматтардың сотқа деген сенімі – ең маңызды дүние. Сондықтан да елімізде сот жүктемесін азайту, азаматтық процесті жеңілдету, сот ісін жүргізудің жылдамдығын арттырып, ашықтығын қамтамасыз етуге баса назар аударылған.***

2001 жылы Азаматтық іс жүргізу кодексі қабылданды. Түрлі толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп отырды. 2015 жылғы 31 қазанда жаңа Азаматтық-процестік кодексі қабылданып, оны қазіргі заманғы демократиялық қоғамның деңгейін, әлеуметтік-экономикалық тенденцияның дамуын айқындайтын, сот реформасын жүзеге асыру мен сот төрелігінің санасын арттырудың өзекті мәселелеріне жауап бере алатын заң нормасы деп қарастыруға болады.

Елімізде сот жүйесін реформалау сот төрелігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған орай, азаматтық сот ісін жүргізуде түбегейлі өзгерістер орын алды. Азаматтық процесс азаматтардың ар-намысын қорғаудың, еңбек және басқа да дауларды шешудің, азаматтық-құқықтық қатынастың барлық субьектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді құралы болуы тиіс. Аталған міндеттерді іске асыру судьялардың, прокурорлардың, адвокаттардың, заңгерлердің жұмысында біліктілікті талап етеді. Заң ғылымының докторы А.Ф.Клейнман «дәлелдеудің өзі тараптар мен іске қатысушылардың сотқа дәлелдемені табыстауынан оларға анализ жасаудан және дәлелдемелерден даулы фактілерге қатысты қорытындылар жасаудан тұрады» деген. Яғни, сот процесінде дәлелдердің жеткілікті болуы маңызды. Жалпы, соттағы дәлелдеуді – соттағы дәлелдемелердің көмегімен істі дұрыс шешу үшін маңызы бар немесе жоқ екенін бекітуге бағытталған субьектілердің әрекеттерін қарастыруға болады.

Соттық дәлелдеу – бұл істің мән-жайын соттық дәлдемелер арқылы анықтау бойынша процеске қатысушылардың қызметі. Бұл – тараптардың және өзге де қатысушылардың дәлелдемелерді табыс етуге, жинауға және оларды зерттеуге әрекеті. Мұндай құқық ҚР АПК-нің 63-бабында көзделген. ҚР АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап (талап қоюшы және жауапкер) өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Осы мән-жайларды ҚР Азаматтық-процестік заңында белгіленген нақты деректер арқылы дәлелдеу қажет. Бұл нақты деректер тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелермен, сарапшылардың қорытындыларымен,ісжүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен расталады.

Азаматтық сот өндірісінде мән-жайларды танудың негізгі тәсілі ретінде іс үшін маңызы бар мән-жайдың бар немесе жоқ екенін, тараптардың қарсылықтары мен талаптарын, басқа да жағдайларды соттағы дәлелдемелер, яғни соттық дәлелдеу жолымен бекітеді.Соттағы дәлелдеудің негізі табиғат пен қоғамдағы құбылысты байланыстырады. Бұл байланыс сотқа бір құбылыстың (факт, мән-жай) бар болуы екінші бір құбылыстың шығуына негіз болатынын айқындайды.Жалпы, соттағы дәлелдеуді соттағы дәлелдемелердің көмегімен істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайлардың бар немесе жоқ екенін бекітуге бағытталған субьектілердің әрекеттері деп қарастыруға болады. Нені бекіту қажет және нендей мән-жайлар дәлелдеуге жатады деген сұраққа жауап ізделінеді. Іс бойынша дәлелдеу нақты және дұрыс анықтау сот процесінің қорытындысы бойынша заңды және негізгі шешімнің шығуына негіз болып табылады. Азаматтық істерді дұрыс шешуге қажетті заңды фактілер мен өзге де мән-жайлардың жиынтығы қажет. Соттағы дәлелдеу өзара байланысты және өзара шартты бір-бірінен ажырамайтын 3 этаптан тұрады: дәлелдемелерді жинау және табыстау, сот мәжілісінде дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдемелерді бағалау.

Дәлелдемелер – істің дұрыс шешілуіне әсер ететін шынайы мәліметтер. Дәлелдемелер, біріншіден, іске қатысты болуы тиіс, екіншіден, заңда көзделген дәлелдемелерді сипаттайтын бірінші белгі-соттағы дәлелдемелер заңды тәсілмен алынған нақты мән-жайлар болуы тиіс. ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағының 9-тармақшасында заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды делінген. АПК-нің 69-бабының 3-бөлігінде заңды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңдық күші жоқ деп танылады және оларды сот шешімінің негізіне алуға, сондай-ақ, іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдалануға болмайды деп көрсетілген. Соттың дәлелдемелердің бірінші белгісінде дәлелдемелерге жол беру ережесі бар. А.Х.Гольстем «Дәлелдемелер әрқашанда тараптар арқылы ұсынылады және бұл тараптардың ерекше құқығы болып табылады, сот ешқашан дәлелдеме немесе анықтама жинамайды» деген пікір білдірген. Сондықтан да сот процесіне екі тараптың да үлкен ізденіспен келуі маңызды.

**Айбек АМАНГЕЛЬДИН,**
**Нұр-Сұлтан қаласы**
**Алматы аудандық сотының**
**судьясы**

ОҢ ҚАДАМ

***Мемлекеттік қызметтерді үйде отырып І және ІІ топтағы мүгедектер, 70 жастан асқан қарттар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектігі бар балалар ала алады. Ол үшін олардың өздері немесе қамқоршылары 1414 қысқа нөміріне қоңырау шалып, өтініш қалдыруы керек.***

# ҚОЛДАУДАН КЕНДЕ ЕМЕС

Бұдан кейін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандары оларға хабарласып, үйлеріне барып мемлекеттік қызметті көрсету күні мен уақытын белгілейді.

Биылғы жылдың 5 айында Азаматтарға арналған үкіметтің Түркістан облысы бойынша филиалы тұрғындардың үйіне барып, мыңға жуық мемлекеттік қызмет көрсетті.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташеваның айтуынша, үйді-үйге барып мемлекеттік қызмет көрсету – корпорация құрылған сәттен бастап пайда болған қызмет және осы күнге дейін ол өзектілігін жоғалтқан емес. «Азаматтардың үйлеріне барып көрсетілетін ең танымал қызметтер – төлқұжаттар мен жеке куәліктерді беру, мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық және міндетті гигиена құралдарымен қамтамасыз ету, мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету үшін құжаттарын рәсімдеу», – деді Ә.Балташева.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлері коронавирус пандемиясын ескере отырып, қызмет көрсету барысында барлық қауіпсіздік шараларын сақтайды. Барлық маман маскалармен және антисептиктермен жабдықталған. Қызмет алушылармен байланысты азайту үшін ХҚО мамандары дәлізден ары өтпей, әлеуметтік қашықтықты сақтайды.

Айта кету керек, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мүгедектерге мемлекеттік қызмет көрсету жұмысына көп көңіл бөледі. Азаматтардың үйлеріне барып мемлекеттік қызмет көрсетумен қатар, ХҚО мамандары есту және сөйлеу қабілеті нашар адамдарға мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін ым-ишара тілін меңгерген.

Сондай-ақ, мүгедектігі бар 807 азамат мемлекеттік корпорация мен оның филиалдарында түрлі лауазымдарда жұмыс істейді.

**«Азаматтарға арналған үкімет»**
**мемлекеттік корпорациясы»**
**Түркістан облысы**
**филиалының**
**баспасөз қызметі**

ЖОБА

**ЕЛІМІЗДІҢ СОТ САЛАСЫ ӘРҚАШАН ҚОҒАМДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРМЕН ҮНДЕСЕ ЖҰМЫС ІСТЕП, ЖАҒДАЙҒА ТЕЗ БЕЙІМДЕЛУГЕ ДАҒДЫЛАНҒАН. СОНЫҢ АЙҒАҒЫ ПАНДЕМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ОНЛАЙН СОТ ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗІП, ЕЛ ІШІНДЕГІ ДАУЛАРДЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ДЕ ТИІМДІ ШЕШІЛУІНЕ МҰРЫНДЫҚ БОЛЫП ОТЫР.**

# ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

Сонымен бірге, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық көбейген тұста «Отбасылық сот» пилоттық жобасын іске қосты. Бүгінде аталмыш жоба шаңырағы шайқалған отбасылардың санын азайтуға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Отбасын сақтау, жанұя құндылығын насихаттау мақсатында Жоғарғы Соттың бастамасымен іске қосылған пилоттық жоба бойынша соттардағы істер психолог, медиаторлардың қатысуымен қаралады. Балаларға қатысты істер қаралғанда әкімдік, жастар ісі жөніндегі басқарма, қамқоршылық және қорғаншылық органы өкілдері, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық ісі қаралғанда дағдарыс орталығының қызметкерлері, психологтар мен наркологтар шақырылады.

Төтенше жағдай кезінде біздің елімізде де тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғаларының көбейгені байқалды. Мәселен 2019 жылдың алғашқы алты айында Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 305 іс келіп түссе, биылғы жылдың 6 айында қала бойынша 399 іс тіркелген. Оның ішінде былтырғы жылдың алғашқы 6 айында 305 істің 171-і келісімге келіп, татуласумен аяқталса, биылғы жылы 399 істің 166-сы бейбіт келісіммен аяқталған.

Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүгінгі қоғамда кең тараған құбылыс. 2019 жылдың басынан бері «Отбасылық сот» пилоттық жобасы аясында заңсыздықтың алдын алуға, құқықбұзушылықтарды болдырмауға, істі келісіммен шешуге көңіл бөлініп келе жатыр. Яғни, Жоғарғы Сот соттар алдына тек жанжалдасушы тараптарды татуластырып қана қоймай, сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы міндет қойды. Зорлық-зомбылықты бастан кешірген жәбірленушілердің көбі нәзік жандылар және олар ұятты, балаларының ертеңін ойлап, құқық бұзушыны кешіріп жатады. Осы орайда, отбасылық судья тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталануын болдырмауға күш салып, тараптарға түрлі мамандардың көмегін ұсынады. Сондай-ақ, «Отбасылық сот» істерді қарау кезінде әр отбасының жағдайын жеке-жеке қарастырады: жанжалдардың себептерін анықтайды, агрессор құрбандарына көмектеседі.

**Мұрат АБРАЕВ,**
**Алматы қалалық мамандандырылған**
**ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

КЕСЕЛ

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

***Жемқорлықпен күреске кез келген ел мүдделі. Себебі сыбайлас жемқорлықтың сыналап кірмейтін жері, бүлдірмейтін аймағы жоқ. Ең алдымен бұл кесел азаматтардың билікке, мемлекеттің болашағына деген сенімін әлсіретеді. Ал, ертеңіне күмәнмен қарайтын адамның ел дамуына үлес қосуға талпынбайтыны, кемшілікті көріп тұрса да мән бермейтіні белгілі.***

Сыбайлас жемқорлықты жеңуге болады. Сингапур, Нидерланды, Швеция секілді елдердің тәжірибесі сөзімізге нақты дәлел. Өркениетті елдер көшіне ілескен бұл мемлекеттердің жемқорлыққа тосқауыл қою әдісі айтарлықтай күрделі емес. Бұл елдерде барлық қызмет ашықтық, қолжетімділік, жариялық принціпіне негізделген. Мәселен, баланы балабақшаға беру үшін электронды кезекке тұрып, ашық дерек көзінен кезектің қалай жылжығанын бақылап отыруға болады. Дәл осы әдіс қазір біздің мемлекеттік балабақшаларда да басшылыққа алынады. Енді бұрынғыдай балабақша меңгерушісі арқылы мәселе шешілмейді. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы өтініш жазған азаматтар баласының балабақшаға қабылданатын уақытын өздері де болжап, қандай құжаттар жинау керектігін арнайы сайттан біліп отырады.

Мемлекеттік қызметтердің ашық жүргізілуі мамандардың кедергісіз жұмысқа тұруына да ықпалын тигізеді. Қазіргі кезде кез келген құзырлы орынға онлайн арыз, өтініш жолдап, ол бойынша қандай шаралардың атқарылып, қандай жұмыстардың жүргізіліп жатқанын білу оңай. Мұның барлығы түптеп келгенде азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуге, қолдан жасалатын кезектерден арылып, кедергілердің жойылуына көмектеседі.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан – бұрынғы Кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр. Қазақстан – көп ұлтты, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет. Ал, мақсатымызға жету үшін қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру маңызды.

**Шолпан РЫСҚҰЛОВА,**
ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ

ТАЛҚЫ

# СУДЬЯЛАР – ТЕЛЕАРНА ҚОНАҒЫ

*Жамбыл облыстық сотының судьялары Гүлнара Асылбек пен Динара Нұрлыбаева «Jambyl» облыстық телеарнасының алаңында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Отбасылық сот» және «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобаларының іске асырылу барысы мен жетістіктері жайлы айтып берді.*

*Судьялар Жоғарғы Соттың барлық жобалары «100 қадам» Ұлт жоспары мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдаулары шеңберінде сот жүйесін жаңғырту мақсатында іске асырылып жатқанын атап өтті.*

*«Отбасылық сот» жобасының үйлестірушісі – судья Г.Асылбек сот жүйесін реформалау аясында отбасы мен балалықты қорғау мәселелерінде іске асырылып жатқан жаңалықтар туралы, пилоттық жобада жергілікті әлеуметтік органдардың отбасы мен баланы қорғаудағы рөлі туралы айтты. «Тек әділ сот қана баланың, отбасының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды барынша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Отбасылық-неке дауларын қарау кезінде соттар оларды мәні бойынша шешумен ғана шектелмейді. Олар Жамбыл облыстық сотының бастамасымен құрылған «Бастау» жұмыс тобымен бірлесе отырып, отбасылық қатынастарды сауықтыру, отбасын сақтау және тараптардың татуласуы бойынша шаралар қабылдайды», – деп атап өтті судья.*

*Г. Асылбек сотқа және жұмыс тобына жүгінген отбасылық жұптарды татуластыру рәсімдерін өткізу тәртібін егжей-тегжейлі түсіндірді, отбасы татулығын насихаттау үшін жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қалыптасқан ұйымаралық өзара іс-қимылына назар аударды.*

*Жамбыл облыстық сотында іске асып жатқан «Татуласу: сотқа дейін, сотта» жобасының үйлестірушісі-судьясы Д.Нұрлыбаева 2020 жылғы 10 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сот жұмысының заманауи форматтарын енгізу, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының негізгі бағыттарын атап өтті. «Бүгінгі өзгерістердің басты мақсаты сот процесін ішінен оңтайландыру болып табылады. Осы өзгерістер арқылы тараптардың іс жүргізу шығындары қысқарады. Соңғы түзетулердің маңыздылығы мынада: 1) судья рөліне қатысты негізгі тәсілдер қайта қаралды, ол процестің жарыспалылығы принципіне нұқсан келтірмей, белсенді ретінде позицияланды; 2) кеңесу бөлмесі мен сот отырысының хаттамасы сияқты консервативті құқықтық құрылымдар өзгертілді; 3) сот процесінде гаджеттерді пайдалану реттелді. Жалпы, азаматтық сот ісін жүргізу заманауи болып, сот процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілі пайдаланылады», – деді спикер.*

*Сонымен қатар, судья айтып өткендей, қабылданған заң азаматтық сот ісін жүргізуде бітімгерлік жүргізу рәсімдерін өзгертуді көздейді. Атап айтқанда, талап арызды қабылдау мерзімі 10 жұмыс күніне дейін ұзартылды.*

*Спикерлер неке-отбасылық қатынастар және татуластыру рәсімдері арқылы сот істерін шешу саласындағы даулар бойынша статистикалық деректерді келтірді.*

*Тікелей эфирде телекөрермендер судьяларға өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық жауап алды.*

**Жамбыл облыстық сотының баспасөз қызметі**

БАЗЫНА

# БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА ЖАМАН ӘДЕТКЕ ҮЙІР

**ӘЛЕМДІ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕГЕН ПАНДЕМИЯ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІМІЗДІҢ БӘРІН ӨЗГЕРТТІ. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ БӘРІ ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ КӨШТІ. МҰҒАЛІМ МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС АЛШАҚТАДЫ. МҰНДАЙ СӘТТЕ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕГЕ ЖІТІ НАЗАР АУДАРҒАН ЖӨН.**

Бұрын жазғы демалыс басталысымен балаларға демалыс орындары, лагерлер ашылатын. Әлеуметтік аз қамтылған отбасының балаларына мектеп жанынан сауықтыру орталықтары құрылатын. Балалар осы орталыққа келіп кітап оқып, ойын ойнап, достарымен араласып уақыттарын тиімді өткізетін еді. Ал, карантиндік режим енгізілгеннен кейін балаларды топтастырып, бір орталыққа жинаудың қауіпті екені ескеріліп, лагерь, демалыс орындарының жұмыс істеуіне тыйым салынды. Енді балалардың оқшаулану талабын сақтап, үйден шықпауы керек. Мұндай шектеуге олар бағына ма? Бұл енді ата-ананың бақылауы мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Дәл осы сәтті пайдаланып ата-ана баласымен жақсы қарым-қатынас орнатып, қабілетін шыңдауға тырысуы керек. Еңбекке баулып, қызығушылығын бақылауға да бұл таптырмайтын уақыт. Жұмыс қауырт, қызмет шұғыл болғанның өзінде баланы бақылаусыз қалдыруға болмайды. Өйткені қадағалаусыз қалған бала жаман әдетке үйір.

Үйге қамалған жасөспірімдердің телефонға телміріп, компьютердегі атыс-шабыс ойындарын серік ететіні белгілі. Мұның бәрі балалардың жүйкесінің бұзылуына теріс ықпал ететінін айтып психолог, нарколог мамандар дабыл қағуда. Мамандардың пікірінше, ғаламтордағы ойындарға тәуелді балалардың 80 пайызының физиологиялық биоырғағы бұзылған, 10 пайызының жүйкесі шаршаған. Сондай-ақ, психиатрлар әрбір бесінші оқушының басының ауыруы, нашар ұйықтауы, әрбір үшінші оқушының көзінің көруі нашарлағанын алға тартып отыр.

Баланы бетімен жіберудің салдары ауыр. Өйткені, есепсіз ақша ұстаған, ата-анасынан тыйым көрмеген жасөспірімдердің көбі темекі, арақтың дәмін мектеп жасында татады. Денсаулық сақтау министрлігінің салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жөніндегі ұлттық орталықтың мәліметтері бойынша, еліміздегі 11 мен 16 жас аралығындағы бозбала-бойжеткендердің 180 000-нан астамы (нақты дерек бойынша 182 000) темекіге үйір екен. Аталмыш ұйым кәмелетке толмағандар арасында есірткіге құмарлардың да көз ілеспес жылдамдықпен көбейіп бара жатқандығын айтуда. Мысалы, қиын бала ретінде тіркеуге алынған баланың 3 681-і – нашақор, токсикоман және психотроптық заттарды тұтынушылар. Ал, олардың 600-ден астамы – 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер. Бұл шынында дабыл қағатын, ойланатын жағдай. Сондықтан, жазғы демалыс кезінде ата-аналардың бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөліп, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға сақ қарағаны жөн.

**Гүлнар Оспанбекова,**
**Майлы Орманов атындағы орта мектеп мұғалімі**
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

# ЖАРНАМА

2.АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА !

Арал ауданық қаржы бөлімі 2020 жылдың 28 шілдесінде сағат 10-00-де www.gosreestr.kz Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында аудандық коммуналдық мүлік нысандарын сату бойынша электрондық аукцион өткізу туралы хабарлайды.

Аудандық коммуналдық мүлік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру нысандарын сату қағидасымен жүргізіледі.

Сауда-саттықтың бағаны төмендету арқылы аукционға аудандық коммуналдық мүліктің мына нысаны қойылады:

1. Газ – 2705 маркалы автокөлігі, мемлекеттік нөмірі 301АТ11, 2001 жылы шыққан. Орналасқан жері – Қызылорда облысы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 115. Теңгерім ұстаушы «Арал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Арал аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Бастапқы (алғашқы) бағасы –152000 теңге, ең төменгі бағасы – 76000 теңге, кепілді жарна -22800 теңге

Аукцион сауда-саттықтың екі әдісімен өткізіледі: бағаны көтеру және бағаны төмендету арқылы.

Бағаны көтеру аукционы:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаны екі қадамға көтеруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Бағаны төмендету аукционы:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып саналады;

3) егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Кепілдік жарна мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың деректемелеріне хабарламада белгіленген нысанда тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі. Кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген жеке немесе заңды тұлға енгізеді.

Кепілдік жарнаны алушы: «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ; БСН: 050540004455; ТТК:171; БЕК:16.

«Народный банк Казахстана» АҚ есеп-айырысу шоты: ЖСК KZ946017111000000330; БСК: HSBKKZKX.

Назар аударыңыз! Қатысушының көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ, бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілім веб-порталында алдынала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмерін (бұдан әрі -ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда)

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмерін (бұдан әрі -БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда)

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп-айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректемелерін (пошталық мекенжайы, телефоны, факс,e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде Тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушы ЭЦҚ-лы қойылған аукционға қатысуға өтінімді осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін Тізілім веб-порталда үш минут ішінде өтінім берілген сатылатын нысан бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің Тізілім дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болған жағдайда, Тізілім веб-порталында өтінімді қабылдау және қатысушыны аукционға жіберу жүзеге асырылады. Тізілім дерекқорында сатушының шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, Тізілім веб-порталында қатысушының өтінімі кері қайтарылады.

Аукционның жеңімпазы салыстыру үшін түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып көрсетілген құжаттардың көшірмелерін не болмаса нотариалды куәландырылған көшірмелерін сатушыға ұсынады.

1) Жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың, заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, содай-ақ, заңды тұлғаның өкілі төлқұжатының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады. Құжаттардың түпнұсқалары салыстырылғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде аукцион залына ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып кіреді. Аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамамен рәсімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру нысанын сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады.

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Астана көшесі, 33 үй мекенжайында, жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукцион өткізу туралы қосымша ақпаратты www.gosreestr.kz сайтынан және мына телефоны арқылы алуға болады (872433) 2-13-07.

4. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына келесі пәндер бойынша конкурс жариялайды:

| Доцент (3 бірлік) | |
|---|---|
| 1 | Мемлекеттік-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы; |
| 1 | Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы; |
| 1 | Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы |

| Профессор (2 бірлік) | |
|---|---|
| 1 | Азаматтық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы; |
| 1 | Қылмыстық-құқықтық пәндердің ғылыми-білім беру орталығы |

Біліктілік сипаттамалары:

Профессор - жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі «Бизнес, басқару және құқық» саласындағы білімі, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор), теріс себептермен өз өкілеттігін тоқтатқан судьяларды қоспағанда, ғылыми-педагогикалық қызметте немесе судья қызметінде кемінде он жыл жұмыс өтілі; ғылыми еңбектерінің болуы.

Доцент - жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі «Бизнес, басқару және құқық» саласындағы білімі, ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор); теріс себептермен өз өкілеттігін тоқтатқан судьяларды қоспағанда, ғылыми-педагогикалық қызметте немесе судья қызметінде кемінде жеті жыл жұмыс өтілі; ғылыми еңбектерінің болуы.

Тілдерді білу: қазақ, орыс және мүмкіндігінше шет (ағылшын) тілдерін білу.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар, академия ректорының атына өтініш жазады (еркіті нысанда). Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырады:

кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы;

тиісті мамандық бойынша жоғары білімі туралы дипломдардың көшірмелері;

дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор);

«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 086/У нысанындағы медициналық анықтама;

наркология және психотерапия орталығынан анықтамалар;

6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат, сондай-ақ, жұмыс тәжірибесін және біліктілігін растайтын құжаттарды беруге құқылы.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап жүзеге асырылады және күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң аяқталады.

Құжаттарды қабылдау:

709-0200@sud.kz, 709-0303@sud.kz электрондық пошталарға;

пошта немесе қолма-қол мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 46, 220 («ПОҚ конкурсына» белгісімен), тел. 8 (7172) 71-08-60, 71-08-71, 8-701-250-25-95, 8-701-550-96-32.

Сайыстан өткен жағдайда құжаттардың толық тізімін ұсыну қажет.

36. «DESIDERIO ALMATY» ЖШС (БСН 180740018260) «DESIDERIO» ЖШС-не (БСН 140240024399) қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Керемет ықшамауданы, 6-үй.

37. «DESIDERIO ASTANA» ЖШС (БСН 180940001789) «DESIDERIO» ЖШС-не (БСН 140240024399) қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 20-ғимарат.

38. «DESIDERIO» ЖШС (БСН 140240024399) өзіне «DESIDERIO ASTANA» ЖШС (БСН 180940001789) және «DESIDERIO ALMATY» ЖШС (БСН 180740018260) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 20-ғимарат, блок А.

## ӘРТҮРЛІ

3. Ақтөбе облысының МАЭС-ның ұйғарымымен «Голубничий А.А.» ЖК-не қатысты ақтау процедураларын қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

6. Ақтөбе облысы МАЭС-ның 01.07.2020 ж. ұйғарымымен «Нур-Бер 2006» ЖШС-не, БСН 060340017134, оңалту рәсімі қолданылғаны туралы азаматтық іс қозғалды.

8. 07.05.2007 жылы қаза болған мұра қалдырушы Атаева Аяжанның мүліктеріне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласының жеке нотариусы А.С. Аймбетовке хабарласса. Түркістан қаласы, Төле-би көшесі, 61. Тел: 87083130783.

9. 2020 жылы 18 маусым айында қайтыс болған Адай Айқұмардың (1960 жылы 1 сәуірде, туылған) атына мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты, мұрагерлердің төмендегі мекен жайға хабарласуы сұралады.Түркістан қаласы,Тәуке хан көшесі,182А, жұмыс тел: +77006191995, нотариус Шолпан.

10. 23.05.2020 жылы қайтыс болған аз. Жарасбаев Аманбай Кудайбергеновичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзагалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 1б, жұмыс тел. 50 44 68, 8 701 222 72 74.

11. «МК-Финанс» шағын қаржы ұйымы» ЖШС (БСН 181240027056) компанияның атауы «МК-Финанс» шағын қаржы ұйымы» ЖШС-нан «MyCar Finance» шағын қаржы ұйымы» ЖШС болып өзгергені туралы хабарлайды. Компанияны қайта тіркеу 2020 жылғы 22 маусымда жүзеге асырылды. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласу қажет: 8 8000 700 450.

18. «Нәсіп кредиттік серіктестігі» ЖШС (БСН 130340006471) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау обл., Исатай ауд., Тұщықұдық ауылы, І. Сембаев көшесі, үй 7.

26. 2020 жылдың 22 маусымында қайтыс болған 13.05.1962 ж.т. Куанышбаева Асемкуль Мусахановнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Шымкент қаласының нотариусы Даханова Баянгул Джаксановнаға жолығулары сұралады. Мекенжайы: Шымкент қаласы, Тәуке хан көшесі, 278 Б.

28. 28.06.2020 жылы қаза болған Жаксыбаева Акбота Абаеваның мүліктеріне Түркістан қаласының жеке нотариусы Даханова Баянгүл Джаксанова мұралық іс ашылғанын хабарлаймыз. Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 278 Б. Тел: 87014653617

29. 16.06.2020 ж. қайтыс болған Бураев Бауржан Шахановичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 268 үй мекенжайы бойынша нотариус Раметова Гулхай Мамадраимовнаға жолығулары сұралады. Тел.: 8 701 489 83 14

30. 24.06.2020 ж. қайтыс болған Шахманов Ержан Садыковичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Төле би көшесі, 61 үй мекенжайы бойынша нотариус Аймбетов Арман Сериковичке жолығулары сұралады. Тел.: 8 708 313 07 83

31. Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 26 маусымдағы ұйғарымымен «СейСер» ЖШС-на (БСН 030140002728) қатысты ақтау процедураларын қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

## ТАРАТУ

12. «МС Глобал АГ» компаниясының Қазақстандағы филиалы, БСН 161141002732, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, Достық даңғылы 188, 801-кеңсе.

13. «Қалмаққырған бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімде келесі мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы,Темір ауданы, Жақсымай ст. 77 үй.

14. «Башенкөл бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімде келесі мекенжайда қабылданады: пошталық индексі 030811, Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Башенкөл ауылы, Смағұлова Әжмағи көшесі, 7 үй.

15. «Кенжалы бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімде келесі мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Кенжалы ст.

16. «1 Мамыр бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары,осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімде келесі мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Шұбарқұдық селолық округі, Темір ауданы, Бірлік ауылы.

17. «Келтесай бастауыш мектебі» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың ұсыныстары мен талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімде келесі мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Шұбарқұдық селолық округі, Темір ауданы, Шибұлақ ауылы.

23. «Agoka» ЖШС, БСН 180340033894 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қ., Абай даңғылы, 15А, 41-пәтер.

24. «Керуен Жибек Жолы» ЖШС, БСН 180740023168, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Б.Майлин к., 11 үй.

25. «Ломбард-Колизей+» ЖШС, БСН 081140007919 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қ., Жеңіс көшесі, 52 үй.

32. «Ломбард Premium Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 151140017882, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Риддер қаласы, Тәуелсіздік даңғылы,46/1, «Астана» СҮ (тел.: +7 705 526 37 88).

33. «ЖаНаНур и К» ЖШС, БСН 010940008970, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаскелең қаласы, Наурызбай көшесі, 1-а. Тел.: 8 701 788 11 74.

34. «Ломбард Астана» ЖШС, БСН 070740003745 (Қарағанды қ., Брюллов көшесі, 17/1) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қ., Лобода көшесі, 34, н/п 2. Тел.: 87212566409, 87773913477.

35. «QI Kazakhstan» ЖШС, БСН 171240024812 (Қазақстан, Алматы обл., Талғар ауданы, Панфилов ауылдық округі, Қызылту ауылы, Жібек жолы көшесі, 30, индекс 041600), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 250, н.п.92, индекс 050020. Тел.: +7 777 372 11 88.

---

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары және аппараты ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы

**Жәмилә Байжанқызы ҚҰТЫБАЕВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ. Мәми сот жүйесінің ардагері

**Жәмилә Байжанқызы ҚҰТЫБАЕВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, оның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

---

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қ. Мәми сот жүйесінің ардагері

**Михаил Федорович БАБУШКИННІҢ**

қайтыс болуына байланысты оның отбасына, туған-туыстарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары қауымдастығы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының отставкадағы судьясы

**Михаил Федорович БАБУШКИННІҢ**

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) Жамбыл облысы бойынша Соттар әкімшісі Берік Сайлауұлы Құлтасовқа анасы

**Оразкүл РЫСБЕКОВАНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар Әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы отставкадағы судья

**ПЛОТНИКОВА Маргарита Алексеевнаның**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы

**Михаил Федорович БАБУШКИННІҢ**

қайтыс болуына байланысты оның туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Солтүстік Қазақстан облысы сот жүйесінің судьялары мен ардагерлері Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі департаментінің директоры Нұрлан Жеткергенұлы Кунтуовқа әкесі

**Жеткерген ТІЛЕУЛЕСҰЛЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі Жаңаөзен қалалық сотының кеңсе меңгерушісі

**ТҰНЫҚБАЕВА Танибике Ажмагиқызының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

---

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,факс: 8 (727) 292-29-92

**E-mail:**
zanreklama@mail.ru

**Нұр-Сұлтан қаласы**
Абай көшесі,78,105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**«Қандыбаева» ЖК,** Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ.,Абылай хан даң.,60,Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

**ТОО Арлан-консалтинг,** Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А». Тел.: 8 (705) 798-58-18

**«TRade and service» ЖК,** Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,М.Горький көшесі,37,107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**«Айди» ЖШС,** Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ИП «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**Ершова Людмила ЖК,** Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,20 б.

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),** директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ИП «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.** Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ИП Новоселова,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

**«Версаль Бизнес»,** Атырау қаласы,Сырым Датов көшесі,35-үй,«Сырым Тобе» БО,102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

**ЖК «KAIROS»,** Алматы қ.,Жібек жолы көшесі, 55,Алма сауда орталығы,4-қабат,419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

ТАҒЫЛЫМ

# ӨМІР ДЕГЕНІҢ – БІР КҮНДІК СӘУЛЕ ЕКЕН ҒОЙ!

*(МҰҚАҒАЛИ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ)*

***...Мұқағалимен біздер тағдырлас едік. Ұлы Отан соғысы екеуміздің де әкемізді жалмап, аналарымызды жесір, өзімізді жетім еткен. Мұқа, сіз ол кезде он жаста екенсіз. Ал, мен әкемнен алты айлығымда қалыппын.***

***Жалпыхалықтық құрметке бөленіп, шығармалары сан мыңдаған оқырманның ілтипатына ие болған Мұқағали Мақатаев, Бердібек Соқпақбаев, Сағат Әшімбаев, Еркін Ібітанов, Мұқатай Жылқайдарұлы деп тізбеленетін тума таланттарды халық «табиғатына тартып туған тұлғалар» деп бағалайды.***

***Елдің сүйіктісіне айналған қаламгерлерді қанаттандырған өңірді алыптар ауданы дейтіндер де бар. Шекаралық ауданның нарық талабына бағынып, көрші ауданға қосылған кезі де есімізде. Бірақ, туған жерін тастап кетпей, ауылдың тірлігіне жан бітірген арыстар ауданның тозып кетпеуіне де ұйытқы болды. Міне, екі жылдан бері шекаралық аймақ халқының тілегі орындалып, ауданға Райымбек бабамыздың аты беріліп, тіршілігіне жан бітті. Елдің рухын жанып, еңбекке құлшынысын арттырған аудан әкімі Нұржан Құдайбергенов ел ішінен шыққан таланттарды жас ұрпақтың санасында жаңғыртып отыру керек деген ой тастап еді. Бұл құптарлық іс, пайдалы шаруа. Соған орай, бүгінгі естелік жауһар жырдың көмбесі – Мұқағалиға арналады.***

Соғысқа кеткен әкеңізді сағынып, бала жүрегіңізбен үлкен арман-үмітті серік етіп, алғашқы өлеңдеріңізді әкеңізге арнаған екенсіз. Сол қаршадай жасыңызда үш қалың дәптерге жүк болған жауқазын туындыларыңызды сырттан келген бір қу алып кетіпті. Бұл хабарды естігенде Нағиман анаңыз егіліп жылаған екен. Сонда сіз жұбату сөз айтып: «Нақа, жылама, әлі өлеңнің көкесін жазатын боламын!» депсіз.

Әр пенденің өз тағдыр-талайы бар. Мен де: «Әке мейірімін көрмедім-ау, әкем қолымнан жетектеген жоқ, ашамайға отырғызған жоқ, мектепке апарған жоқ. Тым болмаса, ес білгенде көз жазбағаным-ай», деп налушы едім... Мұқағали жырлары әкесін көрмеген, әке мейіріміне қанбаған көп жетімнің басынан сипады, тоқтау айтып, келер күннен жақсылық күтуді үйретті. Ақын былай дейді:

Рас, қайғы-қасіреті бар қаптаған,<br>
Ғұмырлар бар батқан және<br>
батпаған.<br>
Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,<br>
Сол жылдарға қарғыс айту<br>
жат маған...<br>
Аңыздардан тере жүріп масақты,<br>
Рас, рас, көзімізден жас ақты.<br>
Бірақ сол бір дауыл жылдар,<br>
от жылдар,<br>
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.

Табиғатта Күн менен Айдың жалғыз болатыны сияқты, адам баласы үшін де ата мен ана жалғыз. Сондықтан болар, адам баласы ата-анасын көз жұмғанша аңсап, сарылып сағынады. Өлмес өнердің құдіреті санадағы сартапты сағынышты қайта жаңғыртып, қилы-қилы тағдыры ата-ана рухына тағы да бас игізеді екен. Мұқағалидың мына шумағы осының куәсі.

... Жалынған ғазиз Анам, сұрап<br>
қалған,<br>
Жоғалды сол бетімен бірақ та<br>
арман.<br>
Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,<br>
Себебі, ол үйімізден тірі аттанған.

Балалықпен ойнап кеткенде, жігіттікпен желік қуып жүргенде үйде оңаша қалған анамыздың қабырғадағы көне суретке телміре қарап, көзінен сырғып аққан жасты сүртіп отырғанын талай көргенбіз. Сонда маңдайымыз суық мұнтасқа тигендей, ана алдында кінәлі адамдай күй кешетінбіз. Иә, анамызды жұбатарға сөз таппайтын едік. Ол жұбату сөзді де біз үшін Мұқағали ақын айтқан еді:

“Шеше,<br>
Сен бақыттысың!<br>
Жыламағын,<br>
Жай түсіп жатқанда да құламадың.<br>
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,<br>
Сондықтан жыламағын,<br>
жыламағын!

Бұл өлең – жалғыз Мұқағалидың емес, жетім қалған әр боздақтың жүрек сөзі. Мен дәл қазір де осы өлеңді толқи отырып оқимын. Себебі, бұл өлеңде анамның рухы бар. Сол үшін де, сізге Мұқа, мың алғыс айтамын!

Адам баласына ата-анасынан кейінгі киелі дүние – туған жері. Тәңіртаудың етегіндегі ауылда бағымызға қарай ірі-ірі тұлғалар өмірге келді. Олардың бірі – Райымбек батыр болса, екіншісі – Мұқағали. Екеуі де рух құдіретіне ие. Табиғатына тартып туған перзенттер биіктік пен жалынды таудан, мейірімділікті кіндік қаны тамған топырақтан алғандай. Жалынның тауда болатыны рас. Мысалы, біздің Алатау, Алтай деп жүргеніміз қызыл отты таулар екен. Көне түркі тілінде «ал» деген сөз «қызыл от» дегенді білдіреді. Тау қуатының күшті болатынына тағы бір себеп, орманның болуы. Орман – оттегінің көзі, орман – сүзгі, орман – қорған. Ал, екінші бір себебі, тау бауырындағы қазба байлық, түсті металдардың (алтын, күміс, т.б.) көп болуы. Олар да қуат көздері.

Райымбек рухы, арғы бабасы болғандықтан да болар, Мұқағали жырларынан айқын сезіледі. Бабасы аманаттаған туған жерге деген перзенттік парыз, елге деген, халқына деген сүйіспеншілік. Ақын жырлады, ақын жүрек сөзін айтты. Сонымен жер үстінде ұлы ақынның жақсы сөзі, жылы көңілі қалды. Мұқағалидың Қарасаз, Елшенбүйрек, Шалкөдесі жырдың жайлауына айналды. Кез келген жан ол жырларды оқып отырып, қазақ болғанына, оның осындай ұлан-байтақ жері болғанына мақтанады. Мен де Хантәңірінің түлегімін. Менің туған жерімнің тау мен тасы Мұқағали шабытымен өлең болып өріліп, құдіретті жыр арқылы әр қазақтың аузында жүруі, жыр ғана емес, ән болып тербелуі, шындығында – үлкен бақыт.

Мұқағалиды ардақ тұтатындар өлең-жырын оқи отырып онымен сырласады, әркім жырдан өзін, өзінің мұңын, сырын, жанының жаңғырығын, дертінің дауасын табады. Табады да, ажырамас досқа айналады. Тіпті, өзі көріп жүрген таныс жандармен кездескендей болады. Ақынның «Қайран жеңгем» атты өлеңіндегі кейіпкерлер бәрімізге де етене таныс.

Су сұраса сүт берген,<br>
айран берген,<br>
Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем! – дейтін өлеңі кейіпкерлер арқылы тарихты бейнелейтін жыр. Өткен күннің – дәл біз куә болған, көзіміз шалған тарих. Күйеуінен жапжас қалған аналарымыздың қилы заман тарихы. Ал, ақынның балалық қызғанышын бәріміз де кешкенбіз. Қазақ ұғымындағы жеңге бейнесі – үлкен тақырып. Ақын «Дариға-жүректе» сол үлкен тақырыптың немесе қазақ ұлтына ғана тән энциклопедиялық еңбектің кіріспесін жазып қалдырып отыр. Поэманың бірінші бөлімі «Аққудай еді» деп аталады. Жеңгесін аққуға теңейді. «Болған-ды менде бір жеңге, Жылайтын еді бір демде, Күлетін еді бір демде; Күлетін еді күллі әлем, Дариға жеңгем күлгенде; Жас тамып жасыл бүрлерден, Қарағай, терек, бүргеннен, Жылайтын еді гүлдер де, Дариға жылап жүргенде...». Ақын әйел тағдырын, әйел әлемін қалай терең түсінген, қалай дөп басқан? Бұл, шындығына келгенде, классиктерге ғана тән болса керек. Осы туынды әлемдік деңгейдегі шығармалармен қатар тұруға лайық десек, қателеспейміз. Ең соңғы аккорды, симфонияның шарықтау үніндей әсер қалдырады. Мұқағалиды сол бір тағдырлар нағыз ұлы ақын жасады.

Мұқағали Мақатаевтың басқа қазақ ақындарынан ерекшелігі, ол қазақ тілінің ғана уызына қанып қоймай, орыс, неміс тілдерін де жақсы білетін еді. Оның аудармалары өз туындыларындай қазаққа етене жақын болды. Ол аударған Шекспирдің сонеттері, Уолт Уитменнің өлеңдері, Дантенің «Құдіретті комедиясы» («Тамұқ» бөлімі) көркемдік қуатын жоғалтпай қазақ оқырмандарымен табысты. Ал «Моцарт жаназасы» (реквием) – ақынды әлемдік кеңістікке көтеріп, әлемдік өлшеммен жазылған классикалық шығарма желісін психологиялық азапты муза мен музыка құдіретіне сыйғызып, өре білген ақын бар талантын сарқа жұмсаған. Жарық дүниемен қоштасып, өз жаназасын өзі шығарады. Поэманы оқи бастағаннан-ақ үрей, қорқыныш бойыңызды билеп алады. Бір сұмдық болмай қоймайды-ау дейсіз. Моцартқа қара киіммен келген елес жанның «Жаназа күйін жазшы» деп бұйрық беруі, одан кейін зым-зия жоқ болуы – Моцарт-Мұқағалиға Жаратушыдан жеткен дауыс сияқты. Поэма бес бөлімнен тұрады. «Бес» деген қазақ ұғымында өмірге қатысты сан. Бес күндік өмір... «Табыт үні...» табыттағы рух дауысы.

Өмір дегенге,<br>
Тірлікте, сірә, жетер ме ой.<br>
Жарық сәуледен басқаның бәрі<br>
бекер ғой.<br>
Бекер ғой бәрі,<br>
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,<br>
Өмір дегенің – бір күндік сәуле<br>
екен ғой!<br>
Тамшыдай ғана, нұрыңа, міне,<br>
зарықтым,<br>
Өмір осы екен, сырыңа, міне,<br>
қаныктым.<br>
Жаса сен Мәңгі!<br>
Жаса сен Мәңгі, жарық Күн!

Ал, енді осыдан кейін Мұқағалиды көріпкел деп айтпасқа бола ма? Ақынның мерейжасы ғана емес, туған күні жыл сайын тойланады. Мұқағалидың өлеңіне жазылған әндер радио-теледидардан айтылмай қалған күн болмаған шығар. Қазақтың бірегей азаматы, қазақ өнерінің жанашыры Алматы облысының бұрынғы әкімі Серік Үмбетов «Мұқағалитану бастауы» атты үш кітаптың жарық көруіне өз үлесін қосты. Ақынның 80 жылдық мерейтойына дайындықты бір жыл бұрын бастап, жоспар-жобасын жасап, игі шаралардың басы ретінде «Жырлайды жүрек» деген Мұқағалидың өлеңдеріне жазылған ән байқауын республикалық көлемде өткізді. Ақынға әкім құрметі осындай болғанда өнер өлмек емес.

«Жесірлер үні» мен «Жетімдер үні» – біз көрген тарих, біздің тағдырластарымыз естіген азалы зар еді. Ал, поэманың бесінші бөлімі «Бесік жыры» деп аталады.

«Жер-Ананың бесік жыры...<br>
Мәңгілік сені тербеуге,<br>
Мәңгілік бесік сақтағам...<br>
... Әлди,<br>
Әлди,<br>
Ақ пенде,<br>
Тыныштық тауып, жат менде.<br>
Өмірді қандай сыйласаң<br>
Өлімді сондай жат көрме!»– деп, тіршіліктің философиясына ақын осылай баға береді.

Мұқағали бір естелігінде: «Мен туралы білгің келсе, менің өлеңдерімді тастамай оқыңдар» деген екен. Ақын жырлары барлық тақырыпты қамтыды дейміз. Бірақ, ол бір ғана тақырып қой. Ол – өмір. Өлеңдері де, поэмалары да, драмасы да – өмір.

2002 жылы ақпанда Мұқағали Мақатаевтың туған күнін Алматы қаласында жаңа ашылған халықаралық деңгейдегі Қазақ-Британ техникалық университеті (ҚБТУ) бастады. Бұл шарада Мұқағали жырларын қазақтың, орыстың, кәрістің ұл-қыздары жатқа оқыды. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан сахналық қойылым көрсетілді. Сонда ана рөлін ойнаған қыз баланың өнеріне тамсанбаған жан қалмады. «Осы кеш, осы рух өмірге жаны ізгі, Отанын жанымен сүйетін елжанды азаматтарды берді-ау!» – деп ой түйдік. Кешті ұйымдастырған сол университетте қазақ тілінен сабақ беретін ұстаз Гүлтас Сайынқызы Құрманбай болатын.

Қазақстан-Британ университетінің ресми ашылу сәтінде сол кездегі Білім және ғылым министрі Шәмша Беркімбаева: «Алматыда жаңа бой көтерген Мұқағали ескерткішінің жанында ақынның туған күнінде мүшайра ұйымдастыруды ойластырсаңыздар» деген ғибратты ұсыныс айтқан еді. Сол университеттің басшысы ретінде мен Гүлтас Сайынқызына тапсырма бергенімде, ол шын ниетімен қуанып, ҚБТУ-дың бірінші курс студенттерімен «Махаббат ғұмыр» атты әдеби-композициялық қойылым әзірледі. Оған Ш.Беркімбаева, қазақтың ақын қызы Фариза Оңғарсынова, Жазушылар одағының сол кездегі басшысы Нұрлан Оразалин және басқа Алматыдағы жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты. Ақпанның қақаған аязына қарамастан, студенттер де, келген қарапайым халық та ақын өлеңдерін ғана емес, өздерінің поэзия алыбына арнаған өлеңдерін таласа оқыды.

Ақынның: «Туады, туады әлі нағыз ақын» деп өзі айтқандай, Тәуелсіз Қазақ елінің нағыз ақындары Мұқағалидың отты жырларынан тұтанып, өмір-сапарға аттана беретіні шүбәсіз. Жыр жампозының күнделігіндегі мына бір сөздерді қалам ұстағандар ғана емес, Тәуелсіз елдің азаматтары түгел оқып, жадында ұстаса, қане. Ақын бірде:

«Әлемдік бейбітшілік керек маған,<br>
Үнімен Отанымның үндесетін»,– десе, одан кейін: «Ей, қалам ұстаған қаламдас бауыр, қарындастарым, халықты ұмытпаңдар! Халықсыз күндерің қараң, оны сүйемін деп байбалам салмаңдар, оған тек ғашық бола біліңдер», – депті.

Бұл – нағыз ұлт ақынының сөзі. Ұлт ұрпағы осыған адамдық танытса, қазақ жұртының қарымы арта береді.

**Әділ АХМЕТОВ,**<br>
**Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Айгүл АХМЕТОВА**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Нұр-Сұлтан** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібай 8 701 357 66 84. |
| **Ақмола облысы** | Қалкөз Жүсіп 8 701 300 14 74 |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 701 377 97 76. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Шадияр Мекенбайұлы 8 775 733 56 65 |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 6019 дана**
**Апталық таралым 12 038 дана**

Тапсырыс №97 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31